

5 ҚЫРКҮЙЕК,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№97 (23 711)



ORTALYQ QAZAQSTAN



1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Экспортта
өріс кең



2-бет

Балабақша: сұраныс
пен мүмкіндік



6-бет

Шолпан-Атадан
жеткен сүйінші



8-бет

● БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Ұлтты ұйытқан ұлы тіл

Дәуірдің дауылы Алаш жұртының азаттығын тұсаулап, арда ұлдарын абақтыға айдаған қысылтаң шақта да арыстарымыз ана тілін тұғырдан түсірген жоқ. Елдің енесі езіліп, ердің қолына кісен салынған сол бір алмағайып кезеңде Мағжан ақын баба тілін қараңғылықта адастырмайтын «нұрлы жұлдызға» балады. Өйткені, қолдан билік, бастан дәурен кеткенде халықты халық етіп сақтап қалатын соңғы қамал – тіл еді. Алаш арыстары сол қамалды жанымен қорғады. Тілді ұлттың ертеніне жеткізер аманат деп білді. Бабалардың үміті ақталды. Азаттықтың ақ танына жеттік. Қазақ тілінің тынысын тарылтқан темір күрсау жоқ. Керісінше, бабалар аңсаған ана тіліміз төрімізге шығып, заңмен бекітілген мемлекеттік мәртебесіне ие болды. Шұрайлы Ана тіліміздің саумалдай самалы жаһанды аралап кетті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жуырда Кеншілер күніне орай Қарағандыда ұйымдастырылған ұлан-асыр концертте соның бір жарқын көрінісіне куә болдық. Мерекелік кешке шамамен 250 мың көрермен жиналды. Отандық эстраданың танымал өкілдерімен бірге әлемдік сахнада мойындалған өнерпаздар ән шырқады. Ал, кештің бас қонағы – Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайберген еді.

Димаштың дауысын тыңдау үшін Қытайдан, Түркиядан, Ресейден және Еуропаның бірқатар елінен жанкүйерлер арнайы



Сурет ЖІІ

келіпті. Димаш әуелі әлемдік репертуарындағы бірнеше әнін орындады. Бір мезетте Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнін әуелетті. Арқа даласында туған асқақ әуен жаңа алаңның үстін түгел кернеп, қалың қауымның жан дүниесін тербеп өтті. Дәл сол сәтте төбеді қалықтаған дрондардың камерасы алдыңғы қатардағы шетелдік

жанкүйерлерді үлкен экраннан көрсетті. Олар қазақтың классикалық әнін Димашқа қосылып, әр сөзін ықыласпен қайталап айтып тұр еді.

Осы көріністі көргенде арқа-басым шымырлап, жанарыма жас үйірілді. Операторлардың дәл сол сәтті қалт жібермегеніне іштей риза болдым. Себебі, экраннан бірне-

ше шетелдік мейман ғана емес, қазақ тілінің бүгінгі өрісі көрінгендей еді. Бір кезде Сәкеннің жүрегінен ән болып төгілген сөзді арада ғасыр өткенде алыстағы елдің өкілі Арқа төсінде қазақша шырқап тұр. Бұдан артық қандай дәлел керек?!

Жанкүйерлер жастар арасында кең тараған «Махаббат бер маған» әніне де қосыл-

ды. Сөзін толық білмесе де әнді, әуезін жаттағаны жүздерінен байқалады. Қазақ тілінде айтылған әр жолды іліп әкетуге тырысып, Димашпен бірге шырқады.

Сол кеште сахнадан ән ғана шырқалған жоқ. Ана тіліміздің мәртебесі аспандап, ширек миллион адамның жүрегін бір арнаға тоғыстырды.

Ана тіліміздің беделі өнер мен мәдениетте ғана емес, кәсіпкерлік саласында да артып келеді. Бұған өңір кәсіпкерлері арасында ұйымдастырылған «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» облыстық байқауында көз жеткіздік. Сонда Жанат Абулова есімді кәсіпкер қазақ тілінде жарнама жасау бүгінгі қоғамның талабына айналғанын, сонымен бірге, тұтынушы назарын аударудың тиімді жолы екенін айтты.

– Сауатсыз жазылған жарнама тілді сүйкімсіз етіп көрсетіп қана қоймай, компанияның беделіне нұқсан келтіреді. Ал, беделдің төмендеуі саудаға тікелей әсер етеді. Кәсіптің қарапайым қағидасы бар. Тұтынушы нені қажет етсе, соны ұсынуы керек. Бүгінде халық қазақ тіліндегі сапалы әрі сауатты жарнаманы құп көреді. Мемлекеттік тілге деген құрмет те жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі – өте икемді, бейнелі тіл, – деді кәсіпкер.

Бұл – нарықтың өзі мойындап отырған шындық. Халықтың тіліне құрмет көрсеткен кәсіп халықтың ықыласына да ие болады. Демек, қазақ тілі табыстың да тіліне айналып келеді.

Мағжан ақын «Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!» дегенде, ұлттың ең соңғы үмітін тілге байлаған еді. Алаш арыстары сол нұрлы жұлдызды өшірмей, кейінгі ұрпаққа табыстады. Енді оны көмескілендірмей, жарығын молайту – біздің міндетіміз.

● РЕСМИ

Бала болашағына инвестиция

Балаларды қорғау, олардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта әлеуметтік қолдау мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асырылып келеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соның бірі – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы. 2024 жылдан бері оның аясында 7 миллионға жуық баланың есепшотына қаражат аударылды. 2024 жылы – 695,5 млн, 2025 жылы – 888,8 млн, ал 2026 жылы 901,7 млн доллар бөлінген. Биылдан бастап, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы іске асырыла бастады. Құжат балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқықтарын қорғауға, білім алуына және жан-жақты дамуына бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балаларды қолдау шараларын жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті. Бұл ретте балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігіне, психологиялық қолдау көрсетуге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасауға да басымдық беріліп отыр.

Баланың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуына жасалған жағдай – елдің болашағына салынған инвестиция. Сондықтан, өскелең ұрпақты қолдау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Ауылға маман келсе – құт

Ауылдың әлеуетін арттыру ең алдымен сол елдімекендегі адами капиталды күшейтуден басталады. Мемлекет басшысы ауылдық аумақтарды дамыту, елдімекендердегі әлеуметтік нысандардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және ауылға білікті мамандар тарту мәселесіне айрықша мән беріп келеді. Осы бағыттағы нақты тетіктің бірі – «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақты маманға – нақты қолдау

Бағдарлама ауылдық жерге жұмыс істеуге барған жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетіп қана қоймай, өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға мүмкіндік берді. Қарағанды облысында да бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасуда.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының 2026 жылдың 1 қыркүйегіндегі мәліметі бойынша, облыста «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 328 маманға жалпы сомасы 141,9 млн теңге көлемінде көтерме жәрдемақы берілген. Олардың басым бөлігі – ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін әлеуметтік саланың мамандары. Атап айтқанда, 187 білім беру, 61 денсаулық сақтау, 13 мәдениет, 8 спорт, 29 агроөнеркәсіптік кешен қызметкері қолдау алған. 2 әлеуметтік қамсыздандыру маманы мен 28 мемлекеттік қызметшіге де көтерме жәрдемақы төленген. Бағдарлама ауылға тек жас кадрды апарумен шектелмей, оның алғашқы қадамын материалдық тұрғыдан қолдауға бағыт-



Сурет ЖІІ

талғанын көрсетеді. Жыл соңына дейін аудан әкімдіктерінің бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес тағы 49 маманға жалпы сомасы 21,2 млн теңге болатын көтерме жәрдемақы беру жоспарланған.

Мемлекеттік қолдаудың ауылға келген маман үшін қаншалықты маңызды екенін Нұра ауданында еңбек етіп жүрген жас маман Дана Ниязбекованың тәжірибесінен де көруге болады. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы тұрғын үй мәселесін шешіп, бүгінде ауыл мектебінде өз мамандығы бойынша еңбек етіп жүр.

– «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы мен үшін үлкен мүмкіндік болды. Жоғары оқу орнын аяқтаған соң туған жеріме оралып, өз мамандығым бойынша еңбек етуді таңдадым. Шынымды айтсам, мемлекет тарапынан осындай қолдау көрсетілетінін алғашында толық түсінбеген едім. Бағдарлама арқылы көтерме

жәрдемақы алып, тұрғын үй мәселесін де шешуге мүмкіндік туды. Бүгінде ауыл мектебінде еңбек етіп жүргеніме қуаныштымын. Ауылға келген жас маманға ең керекті – жұмыс пен баспана. Осындай қолдау барда туған жерге қызмет етуге деген ынта да арта түседі. Мен үшін ауылға келу – жай ғана жұмысқа орналасу емес, өзім өскен ортаға біліміммен үлес қосу, – деді Дана Ниязбекова.

Облыста 26 маманға тұрғын үй сатып алуға жалпы сомасы 226,745 млн теңге бюджеттік кредит берілген. Оның ішінде 13-і – білім беру, 10-ы – денсаулық сақтау, біреуі – мәдениет, біреуі – агроөнеркәсіптік кешен және біреуі – мемлекеттік қызмет саласының маманы. Жыл соңына дейін тағы 82 маманға бюджеттік кредит беру жоспарлануда. Осы мақсатқа 778,817 млн теңге көлемінде бюджет қаражаты қарастырылған. Яғни, ауылға барған



маманға бір реттік материалдық көмек көрсетумен қатар, оның сол жерде ұзақ мерзім жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасауға басымдық беріледі.

Аймақта бағдарламаға қатысушылардың басым бөлігі білім беру мен денсаулық сақтау салаларына тиесілі. Бұл – ауылдардағы кадр қажеттілігінің нақты көрінісі. Бүгінде ауылдық елдімекендерде пән мұғалімдеріне, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін логопед, дефектолог, ассистенттерге, балабақша тәрбиешілеріне сұраныс жоғары. Денсаулық сақтау саласында педиатр, акушер-гинеколог, анестезиолог, психиатр, нарколог, хирург, жалпы практика дәрігері, кардиологтар және орта буын медицина қызметкерлері тапшы. Демек, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының маңызы ауыл мектебіне келген мұғалім, медициналық пунктке барған дәрігер, балабақшаға орналасқан тәрбиеші және ауыл экономикасына үлес қосатын маманда.

Аудандардағы ахуал қандай?

Көтерме жәрдемақы алатын мамандар саны бойынша Биыл Шет ауданы алдыңғы қатарда. Мұнда 95 маманға қолдау көрсету жоспарланған. Оның 51-і – білім беру, 21-і – денсаулық сақтау саласының өкілдері. Абай және Қарқаралы аудандарының әрқайсысында 55 маманнан, Осакаров ауданында 52, Бұқар жырау ауданында 50, Нұра ауданында 40, Ақтоғай ауданында 30 маманға көтерме жәрдемақы қарастырылған.

► 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

●EUR/KZT 528.84

●USD/KZT 455.86

●RUB/KZT 5.25

●CNY/KZT 67.84

Қазақстан Ұлттық Банкінің 4 қыркүйек, 2026 жылғы дерегі бойынша

Экспортта өріс кен

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық өндірісті дамыту, экономиканы әртараптандыру және дайын өнім экспортын ұлғайту міндетін үнемі алға қойып келеді. Бұл бағытта кеншілер өлкесінің өндірістік әлеуеті айрықша. Бүгінде аймақ кәсіпорындары тек ішкі нарықты қамтып қана қоймай, өнімін әлемнің ондаған еліне жөнелтіп, Қазақстанның экспорттық мүмкіндігін еселеуге үлес қосып отыр.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, облыста қазір 100-ден астам экспорттаушы кәсіпорын бар. Олар Ресей, Әзбекстан, Қытай, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері және Еуропа елдерін қоса алғанда, 40 мемлекетпен сауда-экономикалық байланыс орнатқан. Биыл өңірдің экспорт көлемі шамамен үштен бірге өсіп, 1 млрд АҚШ долларынан асты.

Өңірдегі өнеркәсіптің тамыры тереңде жатыр. Бірақ, бүгінгі міндет – бұрынғы өндіріс көлемін сақтай отырып, өнімді терең өңдеп, қосылған құны жоғары тауар өндіру және оны сыртқы нарыққа шығару.

Еліміз үшін шикізатқа тәуелділікті азайтып, өңделген өнім өндірісін арттыру – экономикалық саясаттың маңызды бағыты. Осы тұрғыдан алғанда, Қарағандыдағы кәсіпорындардың экспорттық бағыттағы қадамы көз қуантады.

Экспорттың кеңеюіне мемлекеттік қолдау тетіктері де серпін беріп отыр. Өңірдің өнеркәсіп кәсіпорындары «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-мен тығыз жұмыс істейде. Ұлттық институттың қолдау портфелінде Қарағанды облысы көш бастап тұр.

Мұның нақты мысалы – Саран қаласындағы Kazzentrelektroprovod (КСЕР) кәсіпорны.

Отыз жылдан астам тарихы бар өндіріс бүгінде оптикалық кабель шығарып, өнімін Еуропа нарығына экспорттап отыр. Ком-

пания Германия, Дания және Австрия секілді елдерге жол ашқан.

– Өнім жеткізетін елдеріміздің географиясы жақын және алыс шетелді қамтиды. Еуропа нарығына – Германия, Дания және Австрияға шықтық. Кез келген өндірістік кәсіпорын мен экспорттаушы сияқты бізге де мемлекеттік қолдау қажет. Экспорттық-кредиттік агенттікпен 2025 жылдан бері жұмыс істеп келеміз. Агенттік бізге төмендетілген мөлшерлеменен қаржыландыру ұсынады. Бұл өндірісті дамыту, оның көлемін және экспортты ұлғайту үшін өте маңызды. Ұзақ мерзімді әрі қолжетімді қаржыға ие бола отырып, Еуропа нарықтарында бәсекеге қабілетті бола аламыз, – дейді КСЕР бас директоры Сергей Ким.

КСЕР экспорттық келісім-шарттарды сақтандыру мүмкіндігін пайдаланып отыр. Бұл шетелдік серіктестермен жұмыс істеу кезінде туындайтын қауіптерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Компания «Экспорттаушылар витринасы – Buyfrom Kazakhstan» халықаралық онлайн-платформасына да енгізілген. Мұндай цифрлық алаңдар отандық өнімді шетелдік сатып алушыларға таныстырып, жаңа нарықтарға жол ашады.

Кәсіпорынның өндірістік қуаты мығым. Зауыт тәулігіне 200 шақырымға дейін оптикалық кабель өндіреді. Көзге елестету үшін айтсақ, бұл – Сараннан Астанаға дейінгі жолдың едәуір бөлігін кабельмен қамтуға жететін көлем.

Алайда, өндірістің қуатымен қатар, оның технологиясы да

маңызды. Оптикалық талшық өндіру – бірнеше кезеңнен тұратын күрделі технологиялық үдеріс. Кабель алдымен талшықтарды бұраудан басталып, бірнеше өндірістік цехтан өтеді. Соның ішінде, бояу кезеңі де бар. Соңғы сатыда өнімге брондалған қабықша қапалады.

Өндірістегі жабдықтар заманауи талаптарға сай. Технологиялық желілер тұрақты жаңартылып, кәсіпорын өнім сапасын халықаралық нарық талаптарына сәйкестендіріп келеді.

Өйткені, сыртқы нарыққа шығу – жауапты қадам болғандықтан, онда бәсеке жоғары. Сапаға, тұрақтылыққа, жеткізу мерзіміне қойылатын талап та қатаң. Еуропаның нарығына енген кәсіпорын сол талаптардың үдесінен шығуға тиіс.

Бүгінде КСЕР-де 250 адам еңбек етеді. Кәсіпорын базасында мамандар даярлайтын жеке оқу орталығы жұмыс істейді. Демек, өндіріс жаңа технологияны, сол технологияны меңгерген білікті кадрды да қажет етеді.

Облыстың экспорттық әлеуетінің артып, әлемнің 40 еліне өнім жөнелту, экспорт көлемінің 1 млрд доллардан асуы – өңір кәсіпорындарының сыртқы нарықтағы мүмкіндігі мол екенін аңғартады.

Ендігі міндет – осы қарқынды бәсеңдетпей, экспорт географиясын одан әрі кеңейту, отандық өнімнің үлесін арттыру және қосылған құны жоғары өндірістерді көбейту.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жаңа маусымда жаңалық көп

Қарағанды телевизиясы жаңа дәуірдің талабына сай жаңғыру жолында. Биыл «SARYARQA» телеарнасы 2026-2027 жаңа телемаусымын жаңарған студиясымен, жаңа жобаларымен және заманауи эфирлік мүмкіндіктерімен бастады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңарған студияның төрінен бірден көзге түсетіні – аумағы 45 шаршы метр болатын алып LED-экран. Оның мүмкіндігі мол. Телевизиялық графиканы, бейнематериалдарды және студиялық бағдарламалардың көркемдік шешімдерін жаңа деңгейде ұсынуға жол ашады.

– Мен үшін бұл – ерекше күн. Өзім де кезінде үш жылдан астам уақыт телеарнаны басқардым. Сондықтан, жаңа маусымның ашылуына дейін қаншама еңбек, қаншама жұмыс атқарылатынын жақсы түсінемін. Сол себепті, ең алдымен әр жобаларыңыз көрерменнің ықыласына бөленуін



«Айтылды, орындалды!» жобасы билік пен қоғам арасындағы уәде мен нақты істің арақатынасын саралауға бағытталса, «Теле-Дала» өңірдің әр саласында еңбек етіп жүрген қарапайым адамдардың тыныс-тіршілігін көрсетеді.

Ал, «Еңселі Қарағанды»

уетінен, ең бастысы, беделді мықты телеарна деп есептейміз, – деді «Қазақстан» РТРК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Еркін Мұхамеджанов.

Жаңа маусымның таныстырылымында Қарағанды телевизиясының ардагерлеріне ерекше көңіл бөлінді.



тілеймін! – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Жаңа маусымда телеарнаның басты акпараттық бағдарламасы – «Арқа Ақпарат» жаңа визуалдық үлгіде көрерменге жол тартады. Апталық жаңалықтарды қорытындылайтын «Апта» бағдарламасының да эфирлік безендірілуі өзгерді. Ал, күнделікті таңғы «Сәлем, Қарағанды!» бағдарламасы жұмыс күндері тікелей эфирге шығады.

Көрерменнің назары үшін әлеуметтік желі, интернет-платформалар мен түрлі цифрлық ресурстар қатар таласалы. Сондықтан, аймақтық телеарна үшін өзінің көрерменін жақсы білуі, оның сұранысына сай контент ұсынуы аса маңызды.

(«Тартылыс нүктесі») жобасы өңірдегі қызықты орындар мен нысандарды, ел назарын аударуға лайық бастамаларды таныстырады.

Жаңа жобалардың бірқатары цифрлық кеңістікте көрерменге ұсынылып та үлгерді. Бұл телеарнаның дәстүрлі эфир мен цифрлық контентті қатар дамытуға ниетті екенін аңғартады.

– Жаңа маусымның ашылуымен құттықтаймын. «Қазақстан» телерадио корпорациясының 14 филиалы бар. Біз олардың әрқайсысының күнделікті жұмысын жіті бақылап отырамыз. Солардың ішінде «SARYARQA» телеарнасын өзінің қалыптасқан базасынан, кадрлық және техникалық әле-

Қарағанды телевизиясының тарихы 1958 жылдан бастау алады. Содан бері экран өзгерді, камера өзгерді, ақпарат тарату жылдамдығы артты. Бірақ журналистің елге қызмет етуі, көрерменге шынайы ақпарат жеткізуі сияқты басты міндет өзгерген жоқ.

– Бір ұстанымымыз болды: «мынаны істеймін» дегенше, істеп болғаннан кейін «мынаны істедім» деп көрсеткіміз келді. Сондықтан бұл – үлкен ұжымның еңбегі. Жаңа маусымға қош келдіңіздер! Қолдауларыңызға көп рақмет! – деді телеарна директоры Жұрағат Баман.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Сапқа тұрар сәт жақын

Биыл облыста 1200-ден астам жас жігіт әскери киім киіп, ел қорғаны болады. Күзгі шақыру науқаны 1 қыркүйекте басталып, 31 желтоқсанға дейін жалғаспақ. Әскер қатарына 18 бен 27 жас аралығындағы, мерзімді әскери қызметті кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға заңды негізі жоқ ер-азаматтар шақырылады. Бұл туралы Қарағанды облысы қорғаныс істері департаментінің өкілдері өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олардың 670-і Қазақстан Республикасының Қарулы күштері сапын толықтырса, 360 азамат Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұланына қабылданады. ҰҚК Шекара қызметіне – 140, Төтенше жағдайлар министрлігіне – 22, Мемлекеттік күзет қызметіне 10 жас іріктеледі.

Әскерге аттанар алдындағы ең маңызды кезеңнің бірі – медициналық тексеру. Әр шақырылушының денсаулық жағдайы мұқият зерделеніп, оның әскери қызметке жарамдылығы анықталады.

Ал, соңғы жылдары бұл үдеріске психологиялық бағалау да қосылды. 2025 жылғы күзгі шақырудан бастап, елімізде «PSY-Риск» әдістемесі енгізілді. Оның мақсаты – психоэмоционалдық тұрақсыздық пен суицидтік бейімділік белгілерін ерте кезеңде анықтау.

– Бұл әдістеме психоэмоционалдық тұрақсыздық пен суицидке бейімділік белгілерін ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Оның қолданылуы әскери қызметшілердің қауіпсіздігін арттырып, әскери бөлімдерде қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етеді, – дейді Қарағанды облысының Қорғаныс істері департаменті Әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс басқармасының бастығы Дмитрий Букман.

Яғни, жас сарбаздың денсаулығы, психологиялық жай-күйі, қызметке бейімділігі де толық назарда. Десанттық-шабуылдау әскерлеріне бойы кемінде 170 сантиметр, ал, Мемлекеттік күзет қызметіне бойы 180 сантиметрден төмен емес азаматтар іріктеледі. Қазіргі әскерге шақыру жүйесінде цифрлық мүмкіндіктер де кеңінен қолданылып келеді. Азаматтарға шақыру туралы ха-



барлама ұялы телефон нөміріне SMS арқылы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы жолданады. Хабарлама алған азамат медициналық комиссиядан өту үшін тұрғылықты жері бойынша Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге келуге міндетті. Бұл ретте әскери басқару органдары азаматтармен ашық бай-

ланыс орнатуға басымдық беріп отыр. Қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдерде шақыру комиссиялары жұмыс істейді. Қажетті ақпаратты электрондық пошта, ресми әлеуметтік желідегі парақшалар және Call-орталықтар арқылы алуға болады. Бөлімдерде Call-орталықтарға шығуға мүмкіндік бе-

ретін QR-кодтар да орналастырылған.

Әскерге шақыру – азамат үшін де, оның отбасы үшін де маңызды кезең. Сондықтан, заң талаптарын білу артық етпейді. Қолданыстағы заңнамада мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың бірнеше негізі бар. Олар – отбасы жағдайы, ден-

саулық, білім алуды жалғастыру және заңда көзделген басқа да себептер.

Білім алуға байланысты кейінге қалдыру әр білім деңгейі бойынша бір рет беріледі. Мәселен, азамат колледжде, бакалавриатта және магистратурада оқуына байланысты бұл құқықты пайдалана алады. Ал, шетелдік оқу орындарында қашықтан білім алып жүрген азаматтарға мұндай кейінге қалдыру берілмейді.

Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға бірқатар әлеуметтік жеңілдік берілген. Мәселен, қызметтің барлық кезеңіне және запасқа шығарылғаннан кейінгі 60 күнге кредиттік қаникул ұсынылады. Сарбаздың қызметке кеткенге дейінгі оқу орны немесе жұмыс орны да сақталады.

Әскерден кейінгі өмірге де мүмкіндік аз емес. Белгіленген тәртіппен азаматтар ҰБТ тапсырмай-ақ жоғары оқу орындарына түсуге, сұранысқа не жұмысшы мамандығын меңгеруге мүмкіндік алады. Мерзімді әскери қызметтен кейін әскери кафедрада офицерлік мамандық бойынша тегін білім алу да қарастырылған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тұрмыс түзелгенде, сана да түлейді

«Барлық қабылданып жатқан шаралар халықтың әл-ауқатын арттыруға тиіс». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевты қабылдау кезінде басты талапты осылай кесіп айтқан еді. Кездесуде мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту, арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, мұқтаж жандарға қолдау білдіру және саланы цифрландыру мәселелері жан-жақты сөз болды. Ел ордасында межеленген бұл міндеттер облысымызда да серпінді жүзеге асырылып келеді. Мемлекеттік қолдаудың шарапаты әрбір тұрғынның тұрмысына жетсін деген мақсатпен өңірде бірнеше кешенді жоба қолға алынды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Арба бұзылса, ама! бар

Мүгедектігі бар жанның өмірінде кресло-арба мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының орны бөлек. Сыртқа шығу, емханаға бару, білім алу мен жұмыс істеу – бәрі осы құралдың сапасына тікелей байланысты. Арба істен шықса, оның қалыпты тіршілігі де тоқырайды. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін І шілдеден бастап, Қарағанды, Ақтөбе және Павлодар облыстарында техникалық оңалту құралдарын сервистік сүйемелдеудің пилоттық жобасы іске қосылды. Жоба бір жылға есептелген. Қарағандыдағы айыр-бастау қорына бастапқыда 46 техникалық құрал енгізілді.

Жаңа модель бойынша құрал істен шыққан жағдайда азамат Ұлттық әлеуметтік қорғау саласын дамыту ғылыми орталығының өңірлік филиалына жүгіне алады. Мамандар құралдың жай-күйін тексеріп, жөндеу немесе ауыстыру жөнінде шешім шығарады. Жөндеу аяқталғанша айырбастау қорынан уақытша құрал беріледі. Барлық қозғалыс цифрлық жүйеге тіркеледі.

Біз бұл жобаның жұмыс тәртібін бұған дейін «Құрал бұзылғанымен, қолдау үзілмейді» атты мақаламызда тарқатқан едік. Енді алғашқы нәтиже де көріне бастады. Жоба іске қосылған бір жарым айдың ішінде айырбастау қорынан алты кресло-арба берілді. Төрт техникалық құрал жөнделді.



Үш жағдайда құрал белгіленген мерзімді күтпей ауыстырылды.

– Сервистік модель азаматтардың бұрыннан бар құқықтарына ешқандай өзгеріс енгізбейді. Жобаның мақсаты – құрал істен шыққан кезде адамды қиындықпен жалғыз қалдырмай, оның оңалту үдерісін үзбеу. Жобаға қатысу ерікті, ал, техникалық оңалту құралын әлеуметтік қызметтер порталы арқылы таңдау құқығы толық сақталады, – деді Ұлттық әлеуметтік қорғау саласын дамыту ғылыми орталығының бас директоры Сырым Наси.

Жаңа тетіктің балалар үшін де маңызы зор. Бала өскен сайын бұрын берілген арба оның бойы мен дене бітіміне сай келмей қалуы мүмкін. Бұрын мұндай жағдайда құралдың пайдалану мерзімі аяқталғанша күтуге тура келетін. Енді сараптама қорытындысы негізінде оны ертерек ауыстыруға жол ашылды.

– Егер жөндеу құны құрал бағасының 50 пайызынан асып кетсе немесе оны қалпына келтіру тиімсіз деп танылса, азаматқа жаңа құрал алу мүмкіндігі қарастырылады. Мұндай жағдайда белгіленген пайдалану мерзімінің аяқталуын күтудің қажеті жоқ. Жергілікті атқарушы орган азаматты әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қажетті құралды таңдауға бағыттады, – деді орталықтың облыстық филиалының директоры Меруерт Нұрмағанбетова.

Жөндеу мерзімі де алдын ала белгіленген. Ұсақ ақау бес жұмыс күні ішінде жөндеулі керек. Орташа жөндеуге он күн беріледі. Күрделі жұмыс жиырма күнге дейін созылуы мүмкін.

– Көбіне тежегіш жүйесін реттеу, дөңгелек пен мойынтірек (подшипникті) ауыстыру қажет болады. Корпус зақымданса немесе дәнекерлеу керек болса, ол күрделі жөндеуге жатады, – деді шебер Олег Карташов.

Қанатқақты жобаның алғашқы қадамы жасалды. Ендігі міндет – қызметті облыс орталығымен шектемей, шалғай ауылдағы азаматқа да жеткізу. Себебі, құралдың бұзылуы мекенжай таңдамайды.

Квота қағазда қалмайды

Әлеуметтік қолдаудың келесі арналы бағыты – мүгедектігі бар адамдарды еңбекке тарту. Жұмыс адамға табыс қана емес, өзіне деген сенім мен қоғамға қажет екенін сезіну мүмкіндігін береді. Алайда, жұмыс істеуге қабілеті бар азаматтардың көбісі еңбек нарығынан өз орнын таба алмай отыр.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының еңбек нарығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағанбетова ұсынған дерекке сүйенсек, облыста мүгедектігі бар 54 531 адам тұрады. Оның 5 495-і – бала. Еңбекке қабілетті жастағы азаматтар саны – 26 945. Соның 10,7 мыңнан астамы жұмыс істейді. Жұмыспен қамту деңгейі – 39,8%.



Квотаның екі есе өсуі – ілгерілеу. Бірақ, белгіленген 562 орынның 332-сі әлі толмаған. Бір жағында жұмыс істеуге ниетті азаматтар тұр. Екінші жағында бос қалған квоталық орындар бар. Екеуінің арасын жалғайтын тетік толық қуатына көшпеген.

Ендігәрі квотаның орындалуы автоматты түрде бақыланады. Жұмыс берушілерге жеке кабинеті арқылы хабарлама жіберіледі. Жұмыспен қамтудың ұзақтығы да назарға алынады. Квотаны орындамаған кәсіпорындар жөніндегі мәлімет еңбек инспекциясына автоматты түрде беріледі.

Десе де, тексеру мен ескерту мәселенің бір жағы ғана. Кей жұмыс беруші арнайы жағдай жасауға дайын емес. Кей кәсіпорында лайықты бос орын жоқ. Ал, кей азамат жұмыс орнын ғана емес, жұмыс барысын меңгеруге көмектесетін маман қажет.

Осы қажеттіліктен JOB COACH жобасы қолға алынды. Шілде айынан бастап, қаладағы Тең мүмкіндіктер орталығын-

Жыл басынан бері мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа тарту үшін 71 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылған. Оған 784 жұмыс беруші 5 153 бос орын ұсынған. Жәрмеңкелерге 4 341 адам қатысып, 71 азамат жұмысқа орналасқан.

Аймақтың республикалық көрсеткіштен алда болуы көңіл қуантады. Бірақ, көш басында тұру барлық мәселе шешілді деген сөз емес. Ендігі меже – квота санын көбейту ғана емес, әр орынды нақты адаммен ұштастыру. Жұмыс қағазда емес, адамның еңбек кітапшасында және зейнетақы аударымында көрінуі керек.

Екінші мүмкіндік еңбекпен басталады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлерді қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері жанынан өндіріс ашуға шақырған еді. Мұндай өндіріс сотталған адамға жазасын өтеу кезінде кәсіп меңгеріп, табыс табуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, оны бостандықтағы өмірге күні бұрын дайындайды.

Осы тапсырма аясында облыстық прокуратура, қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Кәсіпкерлер палатасы және Qarmet бірлескен пилоттық жобаны қолға алды. Алғашқы кезеңде кәсіпорынның өндірістік нысанына 29 сотталған тартылған. Қазір олардың саны 62 адамға жетті.

Жобаға тәртібі түзелген, мінездемесі оң азаматтар іріктеледі. Олар еңбек және өндірістік қауіпсіздік талаптары бойынша оқудан өтеді. Кәсіпорын аумағында еңбек етіп, қайта даярлау курсынан өтеді. Біздің кәсіпорында жатақхана, үш мезгіл тамақ және арнайы киіммен қамтамасыз етеді. Қауіпсіздіктің департамент қызметкерлері бақылайды.

Qarmet жобаға қатысқан аза-



жүрмін. Еңбек адамды жауапкершілікке үйретеді екен. Ендігі ойым – осы тәжірибемен шектелмей, кәсіптік білім алып, жазамды өтеп шыққан соң адал еңбекпен күн көру. Мен үшін бұл жоба – бостандықтағы өмірге қазірден қамдануға берілген мүмкіндік, – деді жазасын өтеуші Асылжан Ерзатов.

Бұл бағыт тек мекеме ішіндегі еңбекпен шектелмейді. 1 мамырдан бастап, облыста жазасын өтеп шыққан және пробация есебінде тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендірудің пилоттық жобасы жүзеге асып жатыр. Арнайы бөлім құрылды. Оның жұмысына ҚАЗ, пробация, мансап және отбасын қолдау орталықтары жұмылдырылған.

Жыл басынан бері мансап орталықтарына осы санаттағы 329 адам жүгінді. Оның 127-сі жазасын өтеп шыққан. 202-сі пробация есебінде тұр. Бүгінде 178 адам жұмысқа орналастырылған.

Азаматпен жұмыс қақпа ашылған күні емес, одан бұрын басталады. Мансап орталығының

рының шебері және тігінші бар. Мамандықтар еңбек нарығындағы сұранысқа қарай таңдалған.

Босап шыққан азаматтарға 990, пробация есебіндегі адамдарға 1 506 квоталық жұмыс орны белгіленген. Екінші тоқсан қорытындысында осы орындар арқылы тиісінше 326 және 1 171 адам еңбекпен қамтылғаны көрсетілген. Ал, мансап орталықтарына жүгінген 329 адамның 178-і жұмысқа орналасқан.

Ақпанда үш айға жоспарланған Qarmet пилотының қатысушылары 29-дан 62 адамға дейін көбейді. Республикалық телеарна өңір кәсіпорындарында 90-ға жуық адамның еңбекке тартылға-

нын хабарлады. Болашақта олардың санын 300-500 адамға жеткізу жоспары бар.

Сотталған адамды еңбекке тарту оған артықшылық беру деген сөз емес. Бұл – қайталама қылмыстың алдын алу амалы. Адал табыс тапқан, кәсіп меңгерген және қоғамнан өз орнын көрген адамның қайтадан теріс жолға түсу қаупі азаяды. Оның еңбекақысынан алимент, талап-арыз немесе өзге де берешегі өтелсе, жоба қоғам алдындағы жауапкершілікті де күшейтеді.

Екінші мүмкіндікке не болған адамнан да жауап талап етіледі. Ол тәртіп сақтап, кәсібін игеріп, сенімді ақтауға тиіс. Мемлекет пен бизнестің міндеті – сол мүмкіндікке апаратын жолды ашу.

Ігі істің жалғасы

Мемлекет басшысы жүктеген міндет аймақта нақты істерге ұласып келеді. Кеше ғана көтерілген мәселенің бүгін шешу жолы қалыптасып, жаңа тетіктері сынала бастады. Өрине, бір жобаны бастап, бірнеше адамды



маттарды жазасын өтеп шыққаннан кейін жұмысқа қабылдауға дайын екенін мәлімдеді. Бұл – маңызды уәде. Өйткені, сотталған адамды мекеме ішінде жұмыспен қамту – істің басы ғана. Жобаның шынайы нәтижесі қақпадан шыққаннан кейін көрінеді.

Қатысушылардың бірі Асылжан Ерзатов бұл мүмкіндіктің болашаққа сенім бергенін айтады.

– Қазір кәсіпорын аумағындағы қосалқы жұмыстарға араласып, өндірістігі тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын меңгеріп

мамандары түзеу мекемелеріне барып, бос орындар мен кәсіптік оқу мүмкіндіктерін таныстырады. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырады. Биыл сегіз көшпелі кездесу, үш «Қақпа алдындағы кездесу» және 71 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілген.

Өңірдегі бес қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде 180 сотталған жаңа оқу жылында алты жұмысшы мамандығын меңгере бастады. Олардың қатарында автослесарь, электрғазбен дәнекерлеуші, құрылыс әрлеу жұмыста-

қамтумен бар мәселе шешіле қоймайды. «Көш жүре түзеледі» дейді халқымыз. Қанатқақты бас-тамалардың кем-кетігі жұмыс үстінде анықталып, тиімді тетігі уақыт өте қалыптасады. Маңыздысы – алғашқы қадам жасалды, істің жүйесі құрылды. Ендігі міндет – осы жұмысты баянды етіп, оның игілігін қаладағы ғана емес, шалғайдағы ағайынға да жеткізу.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТҰҒЫР

Мұраты биік фестиваль

Тіл – ұлттың рухани негізі, халықтың тарихы мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін баға жетпес құндылық. Ал, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – оны тек құрметтеп ғана қоймай, күнделікті өмірде кеңінен қолданудан басталады.

Осы бағыттағы жұмыстарды кеңінен насихаттап, мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданысын жаңа қырынан көрсету мақсатында Абай ауданында Қазақстан халқының Тілдері күніне орай «Тіл-FEST – 2026» фестивалі ұйымдастырылды. Фестиваль биыл тіл тақырыбын бір ғана мерекелік шара аясында емес, қоғамның түрлі салаларымен сабақтастыра отырып көрсетуге бағытталды. Тілдің бизнесітегі, қоғамдық ортадағы, ақпарат кеңістігіндегі және мәдениеттегі орнына назар аударылып, осы бағытта бірқатар мазмұнды жұмыстар атқарылды.

Фестиваль аясындағы шаралардың бірі ретінде ұйымдастырылған «Ашық диалог күні – Qazaq OpenTalks» кездесуі тіл мәселесін еркін пікір алмасу форматында талқылауға мүмкіндік берді. TEDx үлгісіндегі кездесуде қазақ тілінің қоғамдық ортадағы рөлі, мемлекеттік тілде бизнес жүргізудің мүмкіндіктері және қазақтілді медиа нарықтың әлеуеті сөз болды. Кәсіпкерлік пен медиа саласының өкілдері өз тәжірибесімен бөлісіп, тілдің қазіргі қоғамдағы жаңа мүм-



кіндіктерін ортаға салды.

Бұл ретте тілдің қоғамдық кеңістіктегі қолданысын нақты іспен қолдауға да ерекше мән берілді. «Бизнес және мемлекеттік тіл» бағыты бойынша аудан аумағындағы 20-дан астам кәсіпкерлік нысан зерделеніп, маңдайша, дүкен атауы, мәзір, жарнамалық және ақпараттық мәтіндердің мемлекеттік тілде қолданылуына қатысты әдістемелік көмек көрсетілді. Кәсіпкерлерге қойылатын талаптарды түсіндірумен қатар, мемлекеттік тілде қызмет көрсетуге дайын нысандарды қолдауға бағытталған «Qazaq Friendly» арнайы белгілері таратылды.

Мұндай жұмыстардың негізгі мақсаты – талап қоюмен шектел-

мей, қазақ тілін кәсіпкерлік ортада қолдануға қолайлы жағдай қалыптастыру және мемлекеттік тілді күнделікті қызмет көрсету мәдениетінің бір бөлігіне айналдыру.

Ал, фестивальдің негізгі мерекелік бағдарламасы Абай қаласының Орталық саябағында жалғасты. Көпшілік қатысқан мәдени іс-шарада тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы кеңінен көрініс тапты. Фестиваль сахнасында қазақ өнерімен қатар, аудан аумағындағы этномәдени бірлестіктердің шығармашылық бағдарламалары ұсынылды. «Русалица», «Хвилинка», «Звонница» сияқты этномәдени бірлестіктердің өнер көрсетуі Қазақстандағы мәдени әралуандылық пен өзара құрметтің жарқын үлгісі-

Ал, сол құндылықтарды бір ортада тоғыстыру – еліміздегі бірлік пен келісімнің берік негізін көрсетеді.

Фестиваль барысында мемлекеттік тілдің дамуына өз еңбегімен үлес қосып жүрген азаматтарға да ерекше құрмет көрсетілді. Олардың қатарында әртүрлі сала өкілдері – кәсіпкерлер, ұстаздар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері, шығармашылық және этномәдени бірлестіктердің жетекшілері болды.

Абай ауданы әкімінің атынан тіл саласына белсенділік танытып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге өз үлесін қосып жүрген азаматтарға Алғыс хат табысталып, ақшалай сертификаттар берілді. Бұл – өз ісімен үлгі көрсетіп жүрген

Советтің «Жаса, Қазақ тілі!» әнімен жалғасып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Өнер мен мәдениет тоғысқан кеш фестивалдің мазмұнын толықтырып, көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Жалпы, «Тіл-FEST – 2026» фестивалі қоғамның әртүрлі салаларын қамтыған ауқымды жоба ретінде өзара пікір алмасу, тәжірибе бөлісу, мәдени құндылықтарды дәріптеу және белсенді азаматтарды қолдау бағыттарын бір арнаға тоғыстырды. Фестивальдің басты ерекшелігі – тіл тақырыбын тек мерекелік деңгейде қалдырмай, оны бизнестен бастап, мәдениет пен қоғамдық ортаға дейінгі түрлі бағыттармен байланыстыра отырып көрсетуінде.

«Тіл-FEST – 2026» – ортақ құндылықтар төңірегінде түрлі сала өкілдерін, кәсіпкерлерді, ұстаздарды, шығармашылық ұжымдар мен этномәдени бірлестіктерді біріктірген мазмұнды мәдени-танымдық алаң болды. Фестивальге қатысып, қолдау білдірген барша азаматтарға, шығармашылық ұжымдарға, этномәдени бірлестіктерге және мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесін қосып жүрген жандарға алғыс білдіреміз.

Фариза ЕРМЕК,
«Абай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
ММ бас маманы

Суреттер ұйымдастырушылардан

к

• ҚАЗЫНА

Дәуірдің өміршен тілі

Бүгінде қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесін алғалы бері ғылым, білім, қоғам және мемлекеттік басқарудың түрлі саласына кеңінен еніп, қолданылу аясы күн санап кеңейіп келеді. Тілдің қоғамдық қызметін арттыру – тек лингвистикалық мәселе емес, ұлттың интеллектуалды дербестігі мен жарқын болашағының негізгі кепілі.

Ана тіліміздің қоғамның барлық саласына қатысты ғылым тіліне айналуы үшін оны жалпы-халықтық, әдеби және ауызекі қарым-қатынаста грамматикалық заңдылыққа сай дұрыс қолдану – басты талап. Жазылым және тілдесім коммуникациясы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және синтаксистік құралдар мен ереженің тұтас жүйесіне сүйенеді. Тілді заман талабына сай дамыту, жаһандану үрдісіне ілесу және ғылымды ілгерілету қатар жүруі тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде», – деп бекер айтпаса керек.

Ғылыми ортада «Қазақ тілі шынайы ғылым тілі бола ала ма?» деген пікірталас жиі қозғалады. Бірқатар маман тілдің ғылыми әлеуетіне күмән келтірсе, екінші тарап қазақ тілінің терең тарихи ғылыми негізі бар екенін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп келеді. Бұл сабақтастық ХІ ғасырда өмір сүрген ұлы ғұлама Мақмұт Қашқаридан бастау алады. Ол өзінің әйгілі «Түркі тілдерінің сөздігін» («Диуани лұғат ат-түрк») түркі тілінің араб тілінен бір мысқал да кем емес екенін дәлелдеу мақсатында жазды. Белгілі түркіолог Н.Баскаков М.Қашқариді «Түркі тілдерін өзара салыстыра зерттеудің пионері» деп бағалап, оның салыстырмалы-тарихи әдісті үнді еуропа тіл білімінен бірнеше ғасыр бұрын қолданғанын атап өткен. Ал, түркітанушы, академик А.Самойлович оны «ХІ ғасырдың Радловы» деп жоғары бағалаған.

Ғылымның таза қазақ тілінде жазыла бастауы Алаш арыстарының есімімен тікелей байланысты. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы 300-ден астам ғылыми термин жасаған, оның 200-ге жуығы қазіргі жасанды интеллект заманында да белсенді қолданыста. Жүсіпбек Аймауытов «Психология», Қаныш Сәтбаев «Алгебра» оқулығын, Жұмахан Күдерин «Ботаника» және «География» еңбектерін, Батырбек Бірімжанов «Химия» оқулығын, Хасен Ибрашев «Математикалық талдау курсы» еңбектерін таза қазақ тілінде ғылым тілімен



Сурет ЖИ

жазып жариялады. Алаш зиялылары жасап кеткен осы ұлттық білім мен ғылым жүйесін бүгінгі цифрлы дәуірде қайта жаңғыртып, жүйеге енгізу – кезек күттірмейтін міндет.

Ғалымдардың пайымдауынша, ғылым тілін тек орыс немесе ағылшын тілінде дамыту қазақ тілін әдеби тіл деңгейінен шектеп, оның функционалдық қызметін төмендетеді. Қазақ тілі толыққанды әдеби тіл болуы үшін оның 5 функционалдық стилі де (соның ішінде ғылыми стиль) теңдей дамуы тиіс.

«Ғылым тілін біз тек орыс, ағылшын тілдерінде дамытатын болсақ, қазақ тілі әдеби тіл ретінде өзі қызмет көрсете алмайтындай деңгейге түсіп қалады. Сондықтан ғылым тілін қазақ тілінде дамыту – басты мақсатымыз болуы керек», – дейді профессор Анаркүл Салқынбай. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан қазіргі жас ұрпақтың ғылыми санасын қалыптастыруда

ұлттық контенттің тапшылығын атап көрсетеді. Баланың ғылыми санасы жасөспірім кезінде қалыптасады. Егер бұл кезеңде физика, химия немесе математиканың күрделі құбылысын ана тілінде түсіндіретін сапалы ғылыми контент болмаса, жастар арасында «тілдік англизм» белең алады. Өз тілінің мүмкіндігіне күмәнмен қарайтын ұрпақ қалыптасады. Осыған байланысты жаһандану мен ұлттану қатар жүруі қажет. Цифрлы әлемде жана технологияны белсенді меңгерген тілдердің ғана болашағы жарқын. Тілді цифрлы форматқа көшіру – оның өміршеңдігінің басты кепілі. Бүгінде осы бағытта ауқымды жобалар қолға алынууда.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы жаһандық бәсекеге белсенді қатысуы қажеттігін айтып, 2026 жылды ресми түрде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Осы стратегиялық бағыт аясында отандық ғалымдар «Kazakh LLM» ауқымды тілдік моделін

және қазақ тіліне негізделген жасанды интеллект алгоритмін құру бойынша қарқынды жұмыс жүргізуде.

Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруда бірнеше мәселеге мән беруге тиіспіз. Біріншісі – қазақ тілі реалды кеңістікте қалып қойғандықтан, оны жылдамдастып цифрландыру. Қазақ тілін тек тар кеңістікпен шектемей, оның виртуалды ортадағы үлесін арттыру үшін тілді цифрландыру үдерісін жеделдету. Екіншісі – ұлттық білім жүйесін оқулыққа енгізіп, нормативтік база жасау. Ғылыми есептің бір данасын міндетті түрде мемлекеттік тілде әзірлеп, оны ғылыми мәтіндер сақтайтын қорға беру. Үшіншісі – материалдың көбі аудармамен тығыз байланысты болғандықтан, аудармада қазақ тілінің заңы бұрмаланбауы, оған қойылатын талаптың да күшейтілуі. Төртіншісі – қазақтілді барлық БАҚ-тың күнделікті жұмысында қазіргі тілдік емле-ережені бұлжытпай орындауы. Бесіншісі – әр жылдары жарық көрген орфографиялық сөздіктерді жүйеге, бірізге түсіріп, сөздердің жазылу емлесін тайға таңба басқандай етіп көрсету. Сонғысы – кейде салғырттықтан, кейде білместіктен жіберілетін орфографиялық және стилистикалық қатені болдырмау үшін барлық ЖОО-да «Сөйлеу (тіл) мәдениеті» курсы оқытуды енгізу және т.б.

Қазақ тілін сақтап қалудың төте жолы – оны ғылым тіліне айналдыру. Ал, тілдің қолданыстан шығып қалмауының бірден-бір кепілі ретінде оның білім мен ғылыми мұраны жинақтаушы қызметін барынша арттыруға басымдық берілуі тиіс.

Ұлттық мәселі кей кезде де тіл тағдырымен тығыз байланысты. Тіл – ұлттың өзін-өзі тануының басты шарты. Яғни қазақ тілін ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелердің басты нысанына айналдыру мәселесін кезек күттірмей шешуіміз қажет.

Бектұрсын ҚАЛПЕВ,
Е.Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

• ЫҚЫЛАС

Мәселе жаста емес, ниетте

Қарттар болғанда, Абай қаласында тұратын өзге ұлттардың зейнеткер қариялары осы аптадан бастап, осындағы жүзу бассейнінде орналасқан Ұзақ өмір сүру орталығында қазақ тілін оқып, үйрене бастайды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқыту мерзімі үш айлық бұл тіл үйрету курсына егде жастағы 16 адам жазылып, оларға қаладағы Шокан Уәлиханов атындағы мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Шынар Шамабарақова сабақ береді. Оның 21 жыл жұмыс өтілі бар.

Мұнда оқитын зейнеткер қарттардың жастары да әр шамада. Мәселен, Тамара Сорочинская алдағы желтоқсан айында 80 жасқа толады. Осыншама жасқа келгенде оны «қазақ тілін үйренуге итермеген не?» деген сұрақ туындауы заңды. Өзінің айтуынша, кезінде аупарткомда, тағы басқа қызметтерде болғанында айналдырылған орыс тілінде болып, қазақшаны қажетсіне қоймапты. Енді жасы ұлғайған шағында көрші тұратын, дүкенде немесе көшеде кезіккен таныс қазақтарымен орысша тілдесуге ұялатын көрінеді. Сол үшін ең болмаса, қазақтын ауызекі сөйлеу тілін білсем деген ниетте.

– Маған қарағанда әскери қызметтегі немерем Данил қазақ тілін тап-тәуір біледі. Өйткені, ол Талғат Бигелдинов атындағы әскери училищені, одан кейін Петропавлда Ұлттық гвардия институтында оқыған кезінде қазақ жастарымен бірге оқып, көп араласқан. Қазір де қазағы көп Ақтау қаласында әскери қызметін өтеуде. Негізі, тіл үйрену үшін орта керек екен. Сондықтан да, мен осы Ұзақ өмір сүру орталығына келетін қазақ қарттарымен өз тілінде сөйлесуге ұмтылып, тырысып жүрмін, – дейді кейуана.

Аталған орталыққа келетін қариялар тіл үйреніп ғана қоймай, колонерімен, спортпен де шұғылданады. – Бұл қазақ тілін оқып, үйрену курсы – аудандық Ардагерлер ұйымы мен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бірлесіп, жүзеге асырып жатқан жобасы. Онда оқитын қарттарымызға оны бітірген соң сертификат беріледі, – деді Абай аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытжан Корпешова.

Абай ауданы

Суретті түсірген автор

Заңнан жалтаруға жол жоқ



айларында өңір полицейлері бет-әлпетті тану жүйесімен жабдыкталған роботты сынақтан өткізді. Қызметінің алғашқы күндерінің өзінде-ақ оның көмегімен ұсталғандардың қатарынан алимент төлеуден бой тасалап жүрген азамат та табылды.

– Мәселен, бүгінде Қарағанды теміржол вокзалындағы бейнебақылау камералары біздің жүйеге қосылған. Камера алимент төлеуден жалтарып жүрген адамдарды бірден танып, олар туралы ақпаратты базаға шығарады. Алдағы уақытта қаладағы барлық бейнебақылау камерасын бірінғай базаға қосу жоспарланып отыр. Бұл алимент төлеуден жалтарушыларды іздеуді едәуір жеңілдетеді, – дейді Қарағанды облысы полиция департаментінің Көші-қон қызметі басқармасының аға инспекторы Айдар Дулат.

Аудан прокуратурасы сот шешімдерін орындау – заң талабы екенін еске салады. Борышкерлердің берешегін өтеуі мен сот актілерінің орындалуына қатысты жұмыстар бұдан әрі де жүйелі түрде жүргізіліп, прокуратураның тұрақты бақылауында болады.

Алимент қарызының әрбір кешіккен күніне 0,1 пайыз мөлшерінде өсімпұл есептеледі. Алайда, өсімпұл жоғалған уақыттың орнын толтыра алмайды. Борышкер басқа қалаға көшіп кетсе немесе телефон нөмірін ауыстырса да, қарыз өздігінен жоғалмайды, ал, кешірім де аяқ астынан келе салмайды. Заңгерлердің айтуынша, берешек «өздігінен жойылып кетеді» деп үміттенудің еш реті жоқ. Атқарушылық іс жүргізудің ақпараттық жүйесіндегі бейнебақылау камераларына дейінгі заманауи бақылау тетіктері алимент төлеуден жалтарушылардың қашып құтылу жасау мүмкіндігін жыл өткен сайын тарылтып келеді.

Облыс прокуратурасының өкілдері алимент өндіру мәселесін алдағы уақытта да ерекше бақылауда ұстайтынын мәлімдеді.

ҚАРАҒАНДЫ

Ауылға маман келсе – құт



(Соңы. Басы 1-бетте)

Тұрғын үйге бюджеттік кредит беру бойынша да Шет және Бұқар жырау аудандарындағы көрсеткіш жоғары – әрқайсысында 23 маманнан. Осакаров ауданында – 21, Нұрада – 15, Қарқаралыда – 11, Абайда – 9, Ақтоғайда 6 маманға кредит беру жоспарланған. Көрсеткіштер ауылдардың әлеуметтік нысандарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі әр ауданда өзектілігін жоғалтпағанын аңғартады.

– Соңғы жылдардағы көрсеткіштер бағдарламаның тұрақты сұранысқа ие екенін көрсетеді. 2024 жылы облыста 360 маман көтерме жәрдемақы алса, 2025 жылы олардың саны 416-ға жеткен. 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін 328 маман осындай қолдауға ие болды. Бюджеттік кредит бойынша 2024 жылы 172 маманға, 2025 жылы 121 маманға және 2026 жылдың 1 қыркүйегіне 26 маманға тұрғын үй алуға немесе салуға мүмкіндік берілген. Бұл жерде быылғы көрсеткіш жыл соңына дейінгі жоспармен бірге қарастырылуы керек. 2026 жылы көтерме жәрдемақы бойынша жалпы 377 маманды қамту, ал, бюджеттік кредит бойынша 108 маманға қолдау көрсету жоспарланған, – деді облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов.

Мамандар жауапкершілікті сезінеді
Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін тек ауылға қанша маман барғанымен емес, олардың қаншасы сол жерде тұрақтап қалғанымен бағалау қажет. 2024

жылы бағдарламаға келген 407 маманның 374-і өз міндеттемелерін орындап, жұмысын жалғастырған. 33 маман шартын бұзған. 2025 жылы ауылға барған 443 маманның 420-сы міндеттемелерін орындап жүр. 23 маманның шарты бұзылған. Сонымен бірге, бағдарламаның алдында шешімін қажет ететін мәселелер де бар. Мамандардың жеке себептерге байланысты міндеттемесін мерзімінен бұрын тоқтатуы, жас кадрлардың кредиттік жүктемесінің жоғары болуы және кейбірінң кредиттік тарихының қолайсыздығы тұрғын үй бағытындағы қолдауға қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін. Бағдарламаның талаптары мен тетіктерін ауылдағы нақты жағдайға қарай жетілдіру маңызды.

Ауылдың болашағы – ондағы мектептің, медициналық ұйымның, мәдениет ошағының және экономиканың тұрақты жұмыс істеуіне байланысты. Олардың тұрақты жұмысының негізінде білікті маман тұр. Осы тұрғыдан алғанда, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы Мемлекет басшысының ауылды дамытуға, өңірлер арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге және адами капиталды күшейтуге бағытталған саясатының жергілікті деңгейдегі нақты тетіктерінің бірі болып отыр. Облыстық тәжірибесі көрсеткендей, жас маманды ауылға шақырумен қатар, оған көтерме жәрдемақы беру, тұрғын үй мәселесін шешуге мүмкіндік жасау және еңбек етуіне жағдай қалыптастыру – ауылдағы кадр тапшылығын азайтудың маңызды шарттарына айналған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы кейінгі ресми мәліметке сәйкес, республика бойынша сот орындаушыларының өндірісінде алимент өндіруге қатысты 329 513 іс болған. Оның аясында 232 758 борышкер есепте тұр. Алимент төлеуден жалтарушылардың басым бөлігі – ер адамдар. Олардың үлесі 96,7 пайызды құрайды. Әйелдерге тиесілі үлес үш пайыздан сәл ғана асады. Қарағандыда 23 896 іс тіркелген. Жыл басынан бері облыста прокурорлық қадағалау шараларының нәтижесінде алимент бойынша 252,4 миллион теңге берешек өндірілді. Атаулы қаражат сомасы жылдар бойы өз құқығы мен баласының несібесін талап етіп келген жүздеген ана мен қамқоршының қолына тиді. Сонымен қатар, прокурорлық ден қоюдың 50-ге жуық актісін қарастыру нәтижесінде мемлекет кірісіне тағы 323,9 миллион теңге өндірілді. Қаражат құқық бұзушылықтарға жол берген сот

орындаушылары мен борышкерлерге салынған айыппұлдар мен қолданылған санкциялар есебінен түскен.

Рейд барысында бірқатар борышкер анықталып, олармен профилактикалық әрі түсіндіру амалдары өткізілді. Азаматтарға сот актілерін орындауды кейінге қалдырмай, алименттік міндеттемелер мен өзге де берешектерді өтеу қажеттігі нақты түсіндірілді. Сонымен қатар, заң талаптарын орындамаудың соңы әкімшілік немесе өзге де құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екені қоса ескертілді. Әсіресе, алименттік міндеттемелерді өтеу мәселесіне басымдық берілді. Өйткені, алимент – әр баланың заңмен қорғалған несібесі. Борышын өтеуге асықпаған азаматтарға мұндай әрекеттің құқықтық салдары нақты түсіндіріліп, заң талаптарын мүлтіксіз орындау қажеттігі ескертілді.

Осылайша мемлекет алимент төлеуден қасақана жалтаратын борышкерлерге ықпал етудің тетіктерін біртіндеп күшейтіп ке-

леді. Сот орындаушысы борышкердің банк шоттары мен мүлкіне тыйым салуды құрап, жалақысынан берешекті тікелей ұстап қалуға бастамашылық ете алады. Ал, қарызы 40 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асқан жағдайда ел аумағынан шығуына уақытша шектеу қою мәселесін көтеруге құқылы. Берешек сомасы 250 АЕК-тен асса, борышкер көлік құралын басқару құқығынан уақытша айырылуы мүмкін. Бұл, әсіресе, нәпақасын рөлде отырып тауып жүрген қарағандылықтар үшін едәуір «сезімтал» шара. Өйткені, шотында қаржысы жоқ адам үшін есепшоттың бұғатталуынан гөрі көлік жүргізу құқығынан айырылу әлдеқайда ауыр соғатыны анық. Алимент төлеуден ұзақ уақыт бойы бой тасалап, жауапкершіліктен жалтарудың түрлі жолын іздейтіндерге заң қасақана жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті де қарастырады.

Қарағандыда заңның күзетінде енді адамдармен қоса заманауи технологиялар да тұр. Жаз

Көгалдандыру күні белгіленді

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының мақсат-міндеттерімен үндес бастама халықаралық деңгейде қолдау тапты. БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның ұсынысын қолдап, 22 сәуірді Халықаралық планетаны көгалдандыру күні деп жариялады.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бастама алғаш рет Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан 2025 жылғы қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы аясындағы жалпы пікірталас барысында ұсынылған болатын. Қарарды әзірлеуге әлемнің

түрлі өңірлерін таныстыратын 32 мемлекет тең автор ретінде қосылды. Бұл Қазақстанның экологиялық бастамасының халықаралық деңгейде қолдау тапқанын және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің өзектілігін көрсетеді.

Планетаны көгалдандыру халықаралық күнін белгілеудің негізгі мақсаты – көгалдандырудың,



табиғи экожүйелерді қалпына келтірудің және жасыл аумақтарды кеңейтудің маңызы туралы жаһандық хабардарлықты арттыру. Сонымен қатар, мемлекеттерді, халықаралық және өңірлік ұйымдарды, азаматтық қоғам өкілдерін қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруға ынталандыру көзделген.

БҰҰ Бас Ассамблеясының бұл шешімі Қазақстанның жаһандық экологиялық күн тәртібін ілгерілетудегі рөлін айқындай түседі. Қарарда көзделген мақсаттар елімізде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының негізгі бағыттарымен де сабақтас.

Жаңа халықаралық күннің белгіленуі қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғи ресурстарды болашақ ұрпақ үшін сақтау бағытындағы халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік береді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында соңғы екі жылда елімізде 1,5 мыңға жуық экологиялық іс-шара ұйымдастырылып, 5,5 миллионға жуық ағаш отырғызылды. Табиғатты қорғауға бағытталған жұмыстарға жыл сайын миллиондаған азамат пен ерікті белсенді түрде қатысып келеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Талап қауіптен қорғайды

Қарағанды облысында жыл басынан бері пиротехниканы пайдалану талаптарын бұзудың төрт фактісі анықталды. Полиция тұрғындарға отшашуды арнайы белгіленбеген орындарда, соның ішінде, көпқабатты үйлердің аулаларында, автотұрақтарда және тұрғын үйлер мен көліктердің маңында пайдалануға болмайтынын ескертті. Мұндай әрекет әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы уақытта көпқабатты үйлердің тұрғындары туған күн және өзге де мерекелерді тікелей аулада отшашу ұйымдастыру арқылы атап өтетін жағдайлар жиілеп отыр. Оның ішінде түнгі уақытта да пиротехникалық бұйымдар қолданылып жатқандығына байланысты, бұйымдар минутқа созылатын мерекелік отшашу көршілердің наразылығын тудырып қана қоймай, жаракат алуға, өрт шығуына және әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Пиротехниканы арнайы бөлінбеген жерде пайдалану Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодексінің 436-бабы бойынша жауапкершілікке әкеледі. Бұл жағдайда айыппұл салынып, пиротехникалық бұйымдар тәркіленуі мүмкін.

Мұндай жағдайлардың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері өртке қарсы қызмет мамандарымен бірлесіп, профилактикалық іс-шаралар жүргізу үстінде.

Пиротехникалық бұйымдарды жеткізушілер, қоймалар, базарлар мен сауда орындары тексеріліп, заңсыз сауда жасауға және сертификатталмаған пиротехниканы өткізуге жол бермеу шаралары қабылданып жатыр.

Сонымен қатар, тұрғындар тыныштық уақытын сақтауы тиіс.

Жұмыс күндері тыныштық уақыты 22:00-ден 09:00-ге дейін, ал, демалыс және мереке күндері 23:00-ден 10:00-ге дейін белгіленген.

Егер пиротехниканы пайдалану қоғамдық тәртіпті бұзып, айналдағы адамдарға кедергі келтірсе, ӘҚБтҚ-нің 434-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Жағдайға қарай әкімшілік қамау, оның ішінде, 20 тәулікке дейін қамау қолданылуы мүмкін.

Полиция азаматтарды пиротехниканы тек қауіпсіз және арнайы белгіленген орындарда пайдалануға шақырады.

Сурет «Qarmet»-нің баспасөз қызметінен

Балабақша: сұраныс пен мүмкіндік

Мектепке дейінгі ұйымнан орын алу – баланың балабақшаға барып, тәрбие мен білім алуымен ғана шектелмейді. Бұл – ата-ананың еңбек нарығына қайта оралуына, отбасы бюджетінің тұрақтылығына, баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне және күнделікті тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін әлеуметтік мәселе. Сондықтан балабақшадағы әрбір орын – бір отбасының болашақ жоспарына ықпал ететін маңызды мүмкіндік. Бұл мәселенің маңызы отбасы мен бала құқығын қорғауға бағытталған мемлекеттік саясатпен де сабақтас.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезек қалай қалыптасады?

Ресми есептер бүгінде баланы балабақшамен қамту деңгейі 90,9 пайызды құрағанын айтады. Бұл жайлы облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев өткен жылды қорытындылаған есебінде атап өтті.

– Мектепке дейінгі білім беру саласында екі жастан алты жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі 90,9 пайызды құрады. Жыл ішінде қосымша орындар енгізіліп, жаңа мектепке дейінгі ұйымдар ашылды. Бұл қолданыстағы желіге түсетін жүктемені ішінара азайтуға мүмкіндік берді. Қарағанды қаласында мемлекеттік және жекеменшік секторды қамтыған мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыруды енгізу басталды. Бұл тетік қаржыландырудың ашықтығын арттыру және ата-аналар үшін қолайлылықты қамтамасыз ету құралы ретінде пайдаланылууда, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев.

Өңірлік статистикалық деректерге сүйенсек, облыста 415 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеп, мыңдаған бүлдіршіннің білім алып, тәрбиеленуіне жағдай жасап отыр. Оның 303-і – мемлекеттік, 113-і – жекеменшік ұйым. Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен 42 764 бала қамтылған. Ал, ұйымдардың жалпы жобалық қуаты 46 764 орынды құрайды.

Соған қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығы мәселесі әлі де өзекті. Бүгінде Қарағанды облысында балабақша кезегінде 9 991 бала тұр. Оның 3 610-ы – Қарағанды қаласында.

Сонғы жылдары өңірде балабақша желісін кеңейтіп, қосымша орындар ашу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, 2025 жылы облыстың мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 1 435 жаңа орын ашылды. Олар жаңа мемлекеттік және жекеменшік балабақшалар, шағын орталықтар ашу, сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған ұйымдарды кеңейту есебінен құрылды.

Жаңа нысандар Қарағанды, Теміртау, Шахтинск және Саран қалаларында, сондай-ақ, Бұқар жырау, Нұра және Шет аудандарында іске қосылды. Дегенмен, жекелеген елді мекендерде демографиялық ахуалға, мектепке дейінгі жастағы балалар санының өсуіне және ата-аналардың сұранысына байланысты орын тапшылығы сақталып отыр.

Орынға деген қажеттілік әсіресе, Қарағанды қаласында жоғары. Осыған байланысты қалада жаңа мемлекеттік балабақшалар салу және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар ашу жұмыстары жалғасауда. Бұдан бөлек, Шет ауданындағы С.Сейфуллин кентінде де қосымша орындарға қажеттілік бар.

Қарағандыдағы балабақша мәселесін қала бойынша жалпы көрсеткіштермен ғана бағалау жеткіліксіз. Себебі, әр шағынаудандағы жағдай әртүрлі.

Кезектің қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді. Атап айтқанда, мектепке дейінгі жастағы балалар санының артуы, демогра-

фиялық және көші-қон үдерістері, жекелеген аумақтардағы тұрғын үй құрылысының қарқынды жүруі және ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне сұранысының жоғары болуы орын тапшылығын күшейтеді. Сонымен қатар, кезек баланың жасына, кезекке қойылған күніне, ата-анасы таңдаған мектепке дейінгі ұйымға және оның аумақтық қолжетімділігіне қарай қалыптасады.

Кезекті қысқарту үшін өңірде жаңа балабақшалар салу, қолданыстағы ұйымдарды кеңейту және қайта жаңғырту, ғимараттарды балабақша ретінде пайдалану, сондай-ақ, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілуде.

2026 жылы Қарағанды облысында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2 396 жаңа орын ашу жоспарланған. Қосымша орындар жаңа нысандар салу, жұмыс істеп тұрған ұйымдарды қай-

үдерістерін цифрландыру және біріздендіру де маңызды. Осы мақсатта INDIGO «Электронды балабақша» цифрлық сервисі қолданылады.

Сервис мектепке дейінгі ұйымдардың орналасқан жеріне, түріне және меншік нысанына қарамастан, олардың бірқатар жұмыс үдерісін біріздендіруге бағытталған. Оның негізгі міндеттері – заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, қоғам алдындағы есептілік пен ашықтықты арттыру және бюджет қаражатын тиімді пайдалану.

INDIGO сервисінің жұмысы мектепке дейінгі және білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құжаттардың сараптамалық базасына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізімі мен картасына және қызметтік үдерістерді оңтайландыру тетіктеріне негізделген. Сонымен



та жаңғырту және кеңейту, сондай-ақ, жекеменшік балабақшалар ашу арқылы құрылады.

Соның ішінде, Қарағанды қаласында 1 401 жаңа орын ашу көзделген. Оның 960-ы мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар салу есебінен, ал 441-і жекеменшік балабақшалар ашу арқылы құрылады. Қалада әрқайсысы 320 орынға арналған үш мемлекеттік балабақша салу жоспарланған.

Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыруда жекеменшік сектордың да үлесі зор. Қазіргі таңда облыста 113 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Бұл бағытта мемлекеттік білім беру тапсырысын жекеменшік балабақшаларға орналастыру тетігі қолданылады. Қаржыландыру «ақша балаға ілеседі» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымды таңдауға мүмкіндік беріп, қосымша орындар ашуға жағдай жасайды.

Алдағы уақытта Балқаш және Теміртау қалаларында, сондай-ақ Нұра және Шет аудандарында мектепке дейінгі ұйымдар желісін одан әрі кеңейту жоспарланып отыр.

Балабақша жұмысын біріздендіреді

Балабақша кезегін қысқарту тек жаңа орындар ашумен шектелмейді. Бұл бағытта мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс

қатар, жүйе мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелермен және деректер базаларымен интеграциялық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

– «Мөлдір» бөбекжайы 320 орынға шақталған. Қазіргі таңда балабақшадағы орындар толық қамтылған. Әсіресе, 2-3 жас аралығындағы балалар үшін орынға сұраныс жоғары. Бөбекжайдағы кезек «Indigo» жүйесі арқылы жүргізіледі. Сондықтан, кезектегі бала саны күн сайын өзгеріп отырады. Сонымен қатар, балабақшада логопед, дефектолог секілді арнайы мамандар бойынша кадр тапшылығы бар, – дейді «Мөлдір» бөбекжайының директоры Гүлнар Скендинова.

Мәселе тек орын санына келіп тірелмейді. Балабақшаның үйге жақын болуы да маңызды. Мәселен, қала бойынша бос орын бар болғанымен, ол отбасы тұратын шағынауданнан тым алыс болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ата-ана баласын күн сайын ұзақ жол жүріп апаруға мәжбүр.

Ваучерлік жүйе несімен тиімді?

Қарағанды облысында мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландырудың ваучерлік тетігі енгізіліп, 2025 жылғы 1 наурыздан бастап өңірдегі балабақшалар осы жүйеге толық көшті.

Жүйенің негізгі қағидасы – «қаржы баланың соңынан ереді». Яғни, мемлекет баланың мектепке



дейінгі тәрбиесіне бөлінген қаражатты ваучер түрінде бекітіп, ата-анаға балабақша таңдауға мүмкіндік береді.

Бірыңғай ваучердің екі түрі қарастырылған. Нысаналы ваучер мемлекеттік мекемелерге арналған және оған қатысты кезекке тұру талап етілмейді. Ал, әмбебап ваучер арқылы ата-ана eGov.kz порталы арқылы жекеменшік немесе мемлекеттік емес ұйымды таңдай алады. Бұл жағдайда кезек баланың жасына және отбасының әлеуметтік мәртебесіне қарай қалыптасады.

– Ваучерлік қаржыландыру жүйесінің енгізілуі ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымды өз қалауынша таңдауға мүмкіндік беріп, кезектің қысқаруына ықпал етті. Ата-аналар көбіне кезектің қашан жылжитынын, бос орынның қашан пайда болатынын және ваучерді рәсімдеу тәртібін сұрайды. Ең қиын мәселе – ата-ана таңдаған балабақшада бос орынның болмауы және кезекті күту. Ваучерлік жүйе енгізілгені қабылдау үдерісі цифрланып, ашық әрі жылдам жүргізіле бастады. Бос орындар жүйе арқылы автоматты түрде толтырылады. Ата-ана өзіне қолайлы балабақшаны таңдап, ваучер арқылы орын алу мүмкіндігіне ие болды. Бос орын пайда болған жағдайда, ол әдетте 2-5 жұмыс күні ішінде толтырылады. Жүйе келесі кезектегі ата-анаға автоматты түрде жолдама жібереді, – дейді «Мөлдір» бөбекжайының директоры Гүлнар Скендинова.

• БАЙҚАУ

Миллионға бастайтын мүмкіндік

Қарағанды облысының оқушылары мен колледж студенттері өздерінің бизнес-идеяларын ұсынып, 1 миллион теңгелік жүлдеге таласа алады. Өңірде жас кәсіпкерлердің тың бастамаларын қолдауға бағытталған бизнес-идеялар байқауы екінші рет ұйымдастырылып отыр.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас ұрпақтың бойындағы ізденіс пен жаңашылдықты қолдау – болашаққа салынған инвестиция. Бүгінде кәсіпкерлікке қызығушылық танытып, өз идеясын жүзеге асыруға ұмтылған жастардың қатары артып келеді. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға жол ашатын жобаның бірі – Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің бастамасымен ұйымдастырылған бизнес-идеялар байқауы.

Байқау 18 жасқа дейінгі оқушылар мен колледж студенттеріне арналған. Яғни, кәсіп бастауға ниетті жас үшін бұл – идеясын ортаға салып қана қоймай, оны сарапшыларға таныстырып, алғашқы қадамын жасауға берілген нақты мүмкіндік.

Қатысушылар өз жобаларын төрт бағыттың біріне ұсына алады. Олар – агроөнеркәсіптік кешен және қайта өңдеу, IT және жасанды интеллект, роботтехника, экология және өңдеу өнеркәсібі. Бұл бағыттардың таңдалуы да кездейсоқ емес. Өйткені, қазіргі заманның басты сұранысы – технологиялық тұрғыдан сауатты, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын және нақты мәселелердің шешімін ұсына алатын жаңа буын кәсіпкерлерін қалыптастыру.

Байқауға қатысу үшін жас кәсіпкердің тек тың идеясы

болуы жеткіліксіз. Оны нақты жобаға айналдырып, тиімділігін көрсете білуі қажет. Алдымен сарапшылар ұсынылған жұмыстардың арасынан үздік 20 жобаны іріктейді. Финалға жолдама алған қатысушылар өз идеяларын байқау комиссиясының алдында жеке қорғайды.

Финалдың нәтижесінде төрт жеңімпаз анықталады. Әр бағыт бойынша үздік деп танылған жоба несие 1 миллион теңге көлемінде жүлде беріледі. Осылайша байқаудың жалпы жүлде қоры 4 миллион теңгені құрайды.

Бұл қаражат жас авторлар үшін жай ғана жүлде емес, өз идеясын жүзеге асыруға берілетін алғашқы капитал болуы мүмкін. Біреу үшін ол шағын өндірісті бастауға, енді бірі үшін IT-жобасын дамытуға немесе роботтехника саласындағы жобасын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ең бастысы – жас адамның өз идеясын нақты іске айналдыруына серпін беру.

Байқауға қатысуға ниетті жастар өтінімдері мен жобасының сипаттамасын 22 қыркүйекке дейін жіберуі тиіс. Құжаттар zh.bektursunova@gmail.com электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Байқау қорытындысы 29 қазанда Кәсіпкерлер күніне орай жарияланады.

Жобаға қатысу талаптары мен байқаудың толық ережесі Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасының Telegram-арнасында жарияланған.

• ӨНДІРІС ӨЗЕГІ

Жаңа кен орны ашылады

Қарағанды облысында көмір өндіру саласындағы ең ірі жобалардың бірі қолға алынуы мүмкін. Inbusiness.kz сайтының мәліметінше, Абай ауданындағы «1-я Дубовская» кен орнында жылына 3 миллион тонна көмір өндіретін жаңа шахта салу жоспарланып отыр. Қазір жоба қоғамдық тыңдау кезеңіне шыққан, ал, оны жүзеге асыруға шамамен 288 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция тарту көзделген.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны Success Minerals Kazakhstan Ltd компаниясы қолға алмақ. Қазір жоба қоғамдық талқылау кезеңіне шықты. Қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалау жөніндегі тыңдаулар 9-10 қыркүйекте Қарағанды қаласы мен Дубовка ауылында өтеді.

«1-я Дубовская» кен орны Қарағанды көмір бассейнінің батыс бөлігінде, облыс орталығына жақын орналасқан. Болашақ шахта алаңының аумағы шамамен 40 шаршы шақырымды қамтиды. Оның аумағынан теміржол магистралі мен электр желілері өтеді. Су қажеттілігін қолданыстағы Жартас және Саран су көздері арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орнының геологиялық барлау жұмыстары өткен ғасырдың 1950-1970 жылдары жүргізілген. Жобалық құжатта оның өнеркәсіптік көмір қоры 142,8 млн тонна деп көрсетілген. Кен орнын игеру құқығы компанияға 2025 жылы Индустрия және құрылыс министрлігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Кен орны

Көшпенділерден қалған қазына

Ата-бабамыз жеті қазынаның біріне балаған қазақы тазыға ұлттық деңгейде мән беріле бастағанына үшінші жыл. Бабадан қалған мұраны ардақтап, төл тұқымның тамырын үзбей, асыл тұқымды иттерді сақтау бағытында өңірде жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы мақсатта құрылған Облыстық құмай тазы және төбет иттер федерациясы аз уақыт ішінде ұйым өз жұмысын жүйелеп, бірқатар бастаманы жүзеге асырды. Бүгінде федерация есебінде 200 құмай тазы мен 50 қазақы төбет ресми түрде тіркелген. Соңғы үш жылда асыл тұқымды тазы мен қазақы төбеттің санын арттырып, ұлттық аншылық дәстүрді қайта жаңғыртуда федерация жетекшісі Нұрдаулет Мырзаханов та елеулі үлес қосып келеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың қой төбетіне насихат керек

Қазіргі таңда таза қанды тазыларды ресми түрде құжаттандыруға мүмкіндік бар. Бұл бағытта Қазақстан Кинологтар одағы мен «Қансонар» аншылар мен аншылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қоғамдық бірлестіктері қауымдастығы тұрақты көрмелер ұйымдастырады. Көрме барысында арнайы даярлықтан өткен, жоғары білікті сарапшылар қатысушыларды белгіленген талаптар бойынша мұқият тексереді. Таза қанды тазының халықаралық және ұлттық деңгейде бекітілген өзіндік стандарттары бар. Мамандар иттің дене бітімінен бастап, бой өлшеміне, сыртқы тұрқы мен тұқымдық ерекшеліктеріне дейін

түп-тамыры түркімен халқымен байланысты. Түркімендердің ұлттық құндылықтарының бірі – осы алабай. Ал, біздікі – қазақы қойтөбет. Әрине, бүгінде алабай ұстайтын азаматтар да бар. Бірақ, оны төбет деп атау дұрыс емес. Алабай төбет тұқымына жатпайды. Бұл екі тұқымның өзіндік ерекшелігі бар. Федерацияға тіркелген тазы мен төбеттер – үнемі көз алдымызда жүрген, түрлі жарыстарға тұрақты қатысып жүрген иттер. Мәселен, әр ауданнан 70-ке жуық тазы іріктеу турнирлеріне қатысады. Егер осы қатарға жарыстарға қатыспай, ауыл-аймақта өз иелерінің қасында жүрген тазыларды да қоссақ, олардың саны бұдан әлдеқайда көп болады. Сондықтан, біз жыл сайын облыстық және республикалық турнирлерге қатысып жүрген, ресми түрде тіркелген тазыларды негізге алып отырмыз, – деді



әзірміз. Алдағы уақытта шығрғатарту сайысының маусымын қорытындылап, табиғи аншылық маусымын ашамыз. Жаңа маусым аясында аудандық және облыстық деңгейде бірқатар турнир өткізу көзделген, – деді Нұрдаулет Мырзаханов.

Қарқаралының тумасы Есентай Сайранұлы бүгінде қазақтың дәстүрлі аншылық өнерін серік етіп жүрген азаматтардың бірі. Оның қолында бес жастан асқан «Көкжал» атты қаншық пен «Аю» есімді арлан төбеті бар. Бұдан бөлек, сегіз тазы асырап отыр. Екі төбеті де федерацияға ресми тіркелген. Есентайдың аншылыққа деген қызығушылығы бала кезінен қалыптасыпты. Әкесі Сайран Қанафин де тазы ұстап, аңға шығып, саят құрған. Өзі де әке жолын жалғап, ит жүгіртіп, саятшылық дәстүрді үзбей келеді. Дегенмен, оның көңілі тазыдан гөрі төбетке жақын. Кішкентайынан төбет өсіріп, тұқымын жалғастырып келеді.

– Өңірде төбет иттерге арналған арнайы көрмелер әзірге жоқ. Өзім де мұндай көрмелерге қатысып көрген емеспін. Ал, екі тазымды облыстық турнирлерге қатыстырдым. Өкінішке қарай, ол жолы бағмыз жанбады. Өзім жеке кәсіпкермін. Тазыларды жарысқа дайындау үшін оларды үнемі жүгіртіп, бабында ұстау керек. Ал, күнделікті жұмыс пен тірліктен ондай дайындыққа көп уақыт табыла бермейді. Қазір иттерім ауыл маңында еркін жүр. Кейде аншылыққа алып шығамын, ара-тұра жайлауға апарып тастаймын. Жайлауда өздері аң қуып, дала кезіп жүреді. Ал, төбеттеріме арнайы көрмелер ұйымдастырылса, міндетті түрде апарар едім. Қазір Қарқаралыда төбет ұстайтын ауыл азаматтарының қатары көбейіп келеді. Сондықтан, төбетке де жеке көрме ұйымдастырылса екен. Осы ұлттық ит тұқымын кеңінен насихаттап, оның өзіндік ерекшеліктерін халыққа танытуымыз керек. Өз басым мұндай шараларға қуана қатысар едім. Республика көлемінде төбетке қатысты азды-көпті турнирлер өтіп тұрады. Бірақ, алыс жолға төбетпен шығу оңай емес, – деді Есентай Сайранұлы.

Қазақтың төбетінің негізгі міндеті – аншылық емес. Мал бағып, малды күзету. Өкінішке қарай, көпшілік төбетті алабаймен шатастыратындардың барын айтып, таңданысын жасырмады.

– Негізі, екеуінің сыртқы бітімінде де, болмысында да айырмашылық бар. Алабайдың тұмсығы салпы, басы төрт-бұрышты, көзі кіртіңкі болады. Кейбір алабайлардың салмағы 80-90 келіге дейін жетеді. Ал, төбеттің тұмсығы жинақы. Денесі ірі болғанымен, жүріс-тұрысы ширақ, жеңіл жүгіреді. Жүнді келеді. Ең бастысы – малға да, адамға да зияны жоқ. Керісінше, қорадағы қойдың арасында жатып, малыңды күзетеді. Сыртқы тұрқына қарап, осы екі тұқымның айырмашылығын ажыратуға болады. Өз басым алабайға қызғыға қоймаймын. Иттің тұқымын жете білмейтін адамдар алабайды төбет деп қабылдап, асырап жүр. Бұдан бөлек, төбетті басқа тұқымды иттермен шағылыстыратындар да бар дегенді естиміз. Бұл – дұрыс емес. Тұқымның табиғи қасиетін сақтау үшін өзге тұқыммен бұдандастыруға жол бермеу керек, – деді ол.

Сексенінде тазы жүгіртіп, аңға шыққан...

Рамазан Усеевтің есімі ит жүгіртіп, тазы баптаған қауымға жақсы таныс. Сексеннің сеңгіріне шыққан ақсақалдың өзі де әлі күнге дейін тазы жүгіртіп, түрлі көрмелерге, жарыстарға қатысып келеді. Өзінің әкесі де, нағашылары да тазы жүгірткен. Осы бір қасиет қанмен келіп, бойына дарыса керек. Алты жасынан бастап тазы ұстап, түрлі турнирлерге қатыса бастапты. Бүгінде ақсақал сүйікті кәсібін қол үзген жоқ. Қазір екі жасар «Көкқұс» арлан мен тоғыз айлық «Елес» атты қаншық ұстап отыр.

– Бүгінде қазақтың құмай тазылары әлемге танылып келеді. Былтыр Италия төрінде өнер көрсетсе, быыл Түркіменстанда таныстырылды. Мұның бәрін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық спортты, соның ішінде, қазақтың



Әкесі Дәурен Мусин – тазы ұстап, аншылықпен айналысып жүрген азамат. Ұлттық өнерге деген қызығушылықты баласына да дарытып, байрақты бәсекелерге ұлын қасына ертіп жүр. Бүгінде Батырдың «Ақжол», «Қыран» және «Қымбат» атты үш тазысы бар. «Байқымыз» фестивалі аясында өткен шығра тарту сайысына «Қымбат» қатысса, «Қыран» Қарағандыдағы республикалық турнирде бақ сынапты.

– Қандай турнир болса да, әкеммен бірге баруға тырысамын. Сабақтан кейін де екеуміз тазыларды кемі 30 шақырымға дейін жүгіртіп, жаттықтырамыз. Бұған дейін де біздің үйде талай тазы болды. Қазіргі үш тазым 2020 жылдан бері бар. Бос уақытымды көбіне тазыларыма арнаймын. Оларды күтіп-баптап, жүгіртіп, жаттықтырамын. Былтырдан бастап, әкеммен бірге турнирлерге қатысып жүрмін. Әкем маған тазыны дұрыс күту, баптау және жүгірту тәсілдерін үйретіп келеді. Алдағы уақытта өтетін жарыстардың бәріне қалмай қатысып, тәжірибе жинаймын, – деді Батыр Дәуренұлы.

Айта кетейік, федерация жетекшісі Нұрдаулет Мейіржанұлының да екі жасар «Найза» атты тазысы бар. Ол елордада өткен «Байқымыз» фестиваліндегі шығра тарту сайысының финалына дейін жетіп, жүйріктігін танытқан. Ал, Қарағандыда өткен республикалық «Кенесары хан долдасы» турнирінде күміс жүлдеге ие болды. Бүгінде «Найза» ұлттық құрама сапында VI

ерекше жақсы көретін тазым.



Бұған дейін талай турнирде топ жарды. Кейін ойлана келе, оны жарыстарға апармайтын болдым. Өйткені, соңымыздан еріп келе жатқан жастарға жол беріп, басқа тазылардың бағын байламайын деп шештім, – деді Рамазан Садықұлы.

Шахтинскдегі Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Батыр Мусин де тазы баптауды әкесінен үйреніп жүрген жас өреннің бірі.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысуда.

P/S. Бабадан жеткен аманаттың болашағы бүгінгі ұрпақтың қолында. Тазыны таза күйінде сақтап, төбеттің төл болмысын жоғалтпау – ортақ міндет. Ұлттық мұраға деген жанашырлық осындай нақты істерден басталады.

Суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағатынан

саралап, белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтайды. Тексеру нәтижесінде тұқым стандартына толық сәйкес келген тазының таза қандылығы ресми құжатпен расталмақ. Алайда, төбет тұқымын дамыту бағытында мұндай жүйелі жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Тіпті, федерация жетекшісі төбет пен алабайды бір-бірінен ажырата алмайтындардың қарасы қалың екенін де жасырмады.

– Алабай мен төбет – екі бөлек тұқым. Өкінішке қарай, көпшілік алабайды төбет деп қабылдайды. Негізінде, алабайдың

Нұрдаулет Мейіржанұлы.

Федерация жетекшісі тазыны тек ауылдық жерде тұратын адамдар ғана ұстайды деген түсінікпен келіспейтінін айтты. Қалада тұрып, тазы асырап, баптап жүрген жандардың, әсіресе, жастардың да қатары жыл санап артып келе жатқанын баса айтты.

– Жалпы, жастардың қызығушылығы жылдан-жылға артып келе жатыр. Бұл – біз үшін үлкен қуаныш. Өйткені, тазы мен төбетті сақтау – келешек буынның да еншісіндегі жауапты міндет. Осы мақсат жолында бар күш-жігерімізді сарп етуге

оның филиалдарының үздік қызметкері;

5. «Рухы биік тұлға» (мүгедектігі бар адамдар);

6. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар әлеміндегі үздік қызметкері»;

7. «Белсенді өмірді насихаттау үшін» (мүгедектігі бар адамдар);

8. «Әлеуметтік жұмыс бойынша үздік маман»;

9. «Жомарт жүрек» (бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, мүгедектігі бар балалармен жұмыс істейтін ұйым / тұлға);

10. «Мамандыққа адалдығы үшін» (халықты әлеуметтік қорғаудың еңбек ардагерлері).

Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына алуға кандидатураларды ұсынуды қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, әлеуметтік саланың облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдары, жеке тұлғалар, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдар жүргізеді. Бір үміткерді екі немесе одан да көп номинация бойынша ұсыну мүмкін емес. Лауреат сыйлығын сол номинация бойынша алғаннан кейін бес жыл ішінде оны алуға қайта ұсынуға да жол берілмейді.

Сыйлықтар конкурстың негізге беріледі. Лауреаттарды іріктеуді арнайы комиссия жүргізеді. Сыйлыққа ұсынылған кандидатуралар екі кезең-

де қаралады. Біріншісінде, комиссия сыйлықақы алу конкурсына қатысу үшін кандидатураларды іріктейді, екіншісінде, сыйлықақы беру туралы шешім қабылдайды.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына ие болған адамдарға «Қарағанды облысы әкімінің сыйлығының лауреаты» құрмет дипломы, статуетка және материалдық сыйақы беріледі. Сыйлықты алуға өтініш берушіге: файл-папкада қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсынымы, аса маңызды жұмыстарды көрсететін мінзделме, марапаттау дипломдары, сертификаттары мен куәліктерінің көшірмесі, сюжеттік фотосуреттер, көлемі 3x4 фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, банктен 20 таңбалы шоттың болуы туралы анықтама, қатысуға өтінім беру қажет.

Өтініш беру үшін ізденуші Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қарағанды к., Мұстафин к-сі, 4 үй, каб. 30, тел.анықтамалар үшін 8 (7212) 25-70-90.

Конкурсқа материалдар электрондық пошта арқылы қабылданбайды. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні: 2026 жылғы 05 қазан сағат 18.00-ге дейін.

Халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын беру конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдау басталады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің мәртебесі мен маңыздылығын арттыру үшін конкурс жыл сайын өткізіледі.

Қатысуға өз қызметін Қарағанды облысының аумағында жүзеге асыратын халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлықтары көрсетілген критерийлер ескеріле отырып беріледі:

1) Халықты әлеуметтік қорғау саласын дамытуға елеулі жеке үлесі;

2) Кәсіби шеберлікті ұдайы жетілдіру;

3) Қызметте инновациялық нысандар мен әдістерді пайдалану;

4) Бейіндік білімнің болуы;

5) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жұмыс өтілі кемінде – 5 жыл.

Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі:

1. «Үздік әлеуметтік қызметкер»;

2. «Әлеуметтік қорғау саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым»;

3. «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының үздік қызметкері»;

4. «Еңбек мобилділігі орталығының және



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

Шолпан-Атадан жеткен сүйінші



VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қарағанды облысының намысын қорғаған самбошы Болат Сапар алтын жүлдеге ие болды. Спортшы 98 келден жоғары салмақта өнер көрсетіп, жарыстың бас жүлдесін жеңіп алды.



Аида РАХЫМҚҮЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өтіп жатқан көшпенділер ойынындағы күрес жарыстарының бағдарламасы өте тығыз. Халықаралық самбо федерациясының күнтізбесіне сәйкес, самбодан жарыстардың барлық бағдарламасы 3 қыркүйекке жоспарланған.

Болат Сапар үшін бұл алғашқы ірі халықаралық жетістік емес. 2024 жылы спортшы Макаода өткен Азия және Океания чемпионатында 98 келіге дейінгі салмақта чемпион атанған. Финалда ол Өзбекстан өкілі Немәт Якубовты ахилл сіңіріне жасалған ауырту әдісі арқылы мерзімінен бұрын жеңген.

Ал, VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында қарағандылық спортшы салмақ дәрежесін 98 келіден жоғары санатта сынап, өз мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Нәтижесінде Болат Сапар жарыстың алтын медалін қоржынға салды.

Сурет Ұлттық және ат спорты түрлері орталығынан

• ХОККЕЙ

Маусымды сәтті бастады

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы Pro Hockey League тұрақты чемпионатының 2026-2027 жылғы маусымын жеңіспен бастады. Жерлестер өз алаңында өткен бірінші ойында атыраулық «Бейбарыс» клубын қабылдап, 5:0 және 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Айта кетейік, қарағандылықтар күні кеше Қазақстан кубогының финалында Өскеменнің «Торpedo» клубына есе жіберіп, күміс жүлдені місе тұтқан еді. Бұл жолы жерлестер ел біріншілігіне тастүйін дайындықпен келіп, қарсыластарға қарқынын көрсетті.

Алғашқы шайбаны ойынның небәрі 3-ші минутында Данила Карабан салды. Екінші кезеңде алаң иелері қарқынын одан әрі үдетті. 21-ші минутта – Александр Борисевич, 31-ші минутта Владислав Никулин қарсылас қақпасын дәл көздеп, таблодағы есепті 3:0-ге жеткізді.

Шешуші кезеңде 52-ші минутта Константин Пальмтаг мергендігімен көзге түссе, матч аяқталуға санаулы минут қалғанда Александр Борисевич өзінің осы ойындағы екінші шайбасын салып, есепті 5:0-ге жеткізді.

Қарымта кездесудің небәрі 4-ші минутында «Сарыарқа» шабуылшысы Эдгарс Сиксна есеп ашып, командасын алға шығарды. Бұдан кейін де жерлестер қарсылас қақпасын нысанаға алғанымен, қауіпті соққылардан бірде-бір нәтиже болмаған. 35-ші минутта Евгений Королинский мергендік танытып, есеп айырмасын ұлғайтты. Алайда, атыраулықтар сапынан 38-ші және 46-шы минутта Евгений Гасников қос шайба салып, есепті теңестіріп кетті. Таблодағы көрсеткіш – 2:2.

Негізгі уақыт тең нәтижемен аяқталып, кездесу овертаймға ұласты. Қосымша кезеңде «Сарыарқаның» қорғаушысы Егор Наместников мергендік танытып, жеңіс шайбасын салды. Осылайша, қарағандылықтар лигадағы алғашқы кездесуін жеңіспен бастап, қоржынына тиісті ұпайды еншіледі. Енді жерлестер өз айдынында 5 қыркүйекте «Ақтөбе» клубын қабылдайды.

Өз тілшімізден

• МАРАПАТ

Жеңістің тірегі – жігер

Англияның Лафборо қаласында церебральды сал ауруы бар футболшылар арасында шағын футболдан «IFCPF Men’s World Championships 2026» әлем чемпионаты өтті. Әлемдік додаға Қазақстан ұлттық құрамасы тұңғыш рет қатысып, ел спортының тарихында қола жүлдеге қол жеткізді. Тартысты додада Қазақстан намысын қорғаған спортшылардың қатарында тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларға арналған мектеп-интернатының қос спортшысы Анатолий Федоровский мен Виталий Крадин да бар. Жарыстан жүлдемен оралған спортшыларды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов қабылдап, сый-сияпат табыстады.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған турнирді Церебральды сал ауруы бар жандардың халықаралық футбол федерациясы ұйымдастырған. Оған әлемнің түпкір-түпкірінен 12 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қатысушы командалар өзара екі топқа бөлінген. Сәйкесінше, топтық кезеңнен көп ұпай еншілеген екі командаға әлем чемпионатының ақтық кезеңіне жолдама берілген. Ал, ұлттық құрама спортшылары топтық кезеңнен жоғары ұпай жинап, жартылай кезеңге жолдама алды. Екіншіке қарай, отандастарымыз жартылай финалда АҚШ құрамасына есе жіберіп, чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды.

– Қарағандылық өрендердің бұл шыңды бағындыруына «Баршаға арналған футбол» жобасы зор ықпал етті. Жобаның кураторы, спорт ардагері Наталья Сухорукованың еңбегін ерекше атап өткім келеді. 2018 жылдан бері табанды еңбек пен қажымас қайрат бүгінде осындай жетістікке жеткізді. Бапкерлер мен ұжымның төккен тері жемісін берді. Ұлттық құраманың ойыншыларына, бапкерлер штабына және осы тарихи жеңіске үлес қосқан барша азаматтарға алғыс білдіремін, – деді Нұркен Қанатұлы.

Айта кетейік, өңірде «Баршаға арналған футбол» жобасы 2018 жылдан бері жүзеге асып келеді. Қарағанды бұл бастаманы Алматыдан кейін елімізде алғашқылардың бірі болып қолға алған. Сол жылы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, білім басқармасы, Қазақстан футбол федерациясы, «Шахтер» футбол клубы және Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы өзара меморандумға қол қойған болатын. Осы бастама аясында церебральды сал ауруына шалдыққан балалардың футболмен шұғылдануына, спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік жасалды. Бүгінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған



облыстық мектеп-интернатының тәрбиеленушілері футбол үйірмесіне қатысып, түрлі деңгейдегі жарыстарда бақ сынап жүр.

– Әу баста бұл жобаның жүзеге асып кетуіне іштей күмән де, күдік те болды. Әрі бұл ұжымдық ауызбіршілікті талап ететін командалық ойын түрі. Бәрін басынан бастау қиынға соқты. Бастапқыда жаттығулар тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларға арналған арнайы интернат базасында өтті. Кейіннен спортшыларымыз Теміртау, Саран қаласына барып, балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің өкілдерімен жолдастық кездесулер өткізетін. Астанада өтетін оқу-жаттығу жиындарына қатысып, шеберліктерін шыңдап жүрді. Нәтижесінде, ұлттық құрама сапына шақырылды. Мінекей, енді әлемдік бәсекеден олжалы оралды. Осыған қарап, мүмкіндігі шектеулі жандардың спорттағы мүмкіндігі шексіз екенін қалай жоққа шығарасыз?! Бүгінде өңірде осы спорт түрімен айналысатындардың саны 50-ге жуық. Олардың диагнозы бір болғанымен, әрқайсысының жағдайы, ерекшеліктері әр түрлі. Осы жоба арқылы олар орта қалыптастырды. Алдағы уақытта жобаны одан әрі дамытуды қолға аламыз, – деді «Баршаға арналған футбол» жобасының үйлестірушісі, спорт ардагері Наталья Сухорукова.

Анатолий Федоровскийдің алаңдағы негізгі позициясы – жартылай қорғаушы және вингер. Дегенмен, осы чемпионатта бапкерлерінің тапсырмасына сәйкес шабуылдың оң қанатында да өнер көрсеткен. Десе де, өзі гол соқпағанымен, бес нәти-

желі пас беріп, команданың жеңісіне елеулі үлес қосыпты. Анатолий 10 жасынан бері тоғыз жылын жүзуге арнаса, кәсіби футболшы ретінде доп теуіп жүргеніне үш жылдан асқан. Бүгінде 25 жастағы спортшының жетістігі бір төбе. Қазақстанның төрт дүркін чемпионы. Сонымен қатар, Азия ойындарының күміс, Әлем кубогының қола жүлдегері.

– Кішкентайымнан жалғыз өстім. Сондықтан, өз күнімді өзім көруім керек. Дәл осы кезеңде ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істедім. Айлығым – 60 мың теңге еді. Денсаулықты оңалту үшін тұрақты түрде физикалық жаттығулар жасау қажет болды. Алайда, аяқ бұлшықеттерім әлсіз-тін. Күндердің-күнінде кәсіби футболшы досым мені футболға шақырып, өзімен бірге ертіп кетті. Футболға деген қызығушылығым осылай басталды. Бұл чемпионат біз үшін үлкен сынақ болды. Қарсыластарымыздың ешқайсысы осал емес. Кейбір командалар бұл додаға кемінде 10 жылдан бері қатысып келеді. Қазіргі басты мақсатым – өңірде ерекше балаларға арналған футболды дамыту. Баланың диагнозына қарамастан, оның спортпен айналысуына мүмкіндік жасағым келеді, – деді Анатолий Федоровский.

Бүгінде ерекше қажеттіліктері бар балалар жасыл алаңға шығып, түрлі турнирлерге қатысады. Осыған қарап-ақ өңірде инклюзивті спорттың қалыптасып келе жатқанын аңғаруға болады.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ФУТБОЛ

«Шахтер» дес бермеді

Күні кеше ел чемпионатының 21 турында жерлестер өз алаңында алматылық «Хан-Тәңіріні» қабылдап, 4:0 есебімен ойсырата жеңді. Осы нәтижемен «Шахтер» жеңіліссіз ойындар сериясын 14 матчқа жеткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер үшін өз алаңындағы кездесу аса қиынға соққан жоқ. Оның үстіне, лига аясында сырт алаңда өткен алғашқы кездесуде 2:0 есебімен жеңген. Алғашқы кездесуден-ақ қарсыласының осал тұсын аңғарып алса керек. Қарымта кездесуде ойын тізгінін қолға алып, шабуылын үдете түсті. Алматылықтарға мүмкіндік қалдырмады.

Ойындағы алғашқы гол 17-ші минутта соғылды. Александр Мигуновтың пасын қабылдаған Диас Қалыбаев қақпаға алыстан дәл



Турнир кестесі
ҚРЧ. Бірінші лига. 21-тур

Ор	Клуб	Ой	Ұт	Т	Ж	Д/а	Ұп
1	«Шахтер»	21	19	1	1	62-7	58
2	«Қайрат-Жастар»	21	16	4	1	62-10	52
3	«Тұран»	20	13	2	5	41-19	41
4	«Академия Оңтүстік»	21	12	3	6	35-27	39
5	«Астана Ж»	21	9	2	10	33-40	29
6	«Тараз»	21	8	4	9	27-29	28
7	«Жайық»	20	8	3	9	18-24	27
8	«Батыр»	21	7	5	9	29-41	26
9	«Каспий Ж»	20	7	4	9	28-33	25
10	«Хан-Тәңірі»	21	7	3	11	26-39	24
11	«Ақтөбе-Ж»	21	6	5	10	36-62	23
12	«Арыс»	21	5	3	13	23-41	18
13	«Елімай Ж»	20	3	3	14	16-40	12
14	«Тобыл»	21	2	4	15	32-56	10

соққы бағыттап, есеп ашты. Бұл сәтте қарсылас қақпашысы қақпа сызығынан алға шығып кеткен. Жойқын жылдамдықпен қақпаға бет алған допка қақпашы үлгермеді. Арада сегіз минут өткенде

қарағандылықтар есепті еселей түсті. 25-ші минутта команда шабуылшысы Артем Литош қарсылас қақпашысын қапы қалдырып, шабуылды өз пайдасына шешті.

52-ші минутта жерлестер оң

қапталдан шабуыл ұйымдастырды. Допка нелік еткен Диас Қалыбаев қарсылас қақпасына қарай екпіндеп, айып алаңындағы әріптесі Артем Литошка дәл пас шығарып берді. Ол болса, ойындағы екінші голын салады. Ал, 71-ші минутта Диас Қалыбаевтың өзі мергендігімен көзге түсті. Шабуылды сәтті аяқтаған жерлесіміз қарсылас қақпасын дәл көздеп, есепті 4:0-ге жеткізді.

Осы ойында екі гол салып, екі голдық пас берген Артем сүрмергерден тізімінде көш бастап тұр. Бүгінде шабуылшының еншісінше 21 гол және 8 голдық пас жазылған. Одан кейінгі сатыда 13 гол салып, үш дәл пас берген «Оңтүстік Академия» шабуылшысы Әлихан Али тұр. Маусым бойы 10 гол салып, бес голға нәтижелі пас берген Диас Қалыбаев үздік үштіктің қатарында.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 250

№97 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табак.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқын» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН